


**Павлодар университеті  
Магистратура  
«Қазақ әдебиеті мен журналистика» кафедрасы**


**Магистрлік диссертация**

**Мағжан Жұмабаев шығармаларының тілі  
(этнолингвистикалық сипаттама)**

**521250 “Филология”**

Орындаушы  **Кәрімова А.А.**  
(қолы, күні)

Ғылыми жетекші  **Тұрышев А.К.**  
доцент, ф.ғ. к. (қолы, күні)

Коргауға жіберілді:  
**Қазақ әдебиеті мен журналистика**  
кафедрасының менгерушісі   
доцент, ф.ғ. к. **Жұсіпова Г.К.**  
(қолы, күні)

**Павлодар, 2004**

## **Анданпа**

Диссертациялық жұмыста Мағжан Жұмабаев шығармаларының тілі тұнғыш рет лингвистикалық түрғыда қарастырылады. Ақын шығармаларындағы кейбір фонетикалық, лексикалық, морфологиялық единицалар, жекеленген тұлғалар нақты мысалдармен дәлелденеді. Сондай-ақ шығармаларындағы кейбір ескіліктерге этнолингвистикалық сипаттама жасалады.

## **Аннотация**

В диссертационной работе язык произведениях Магжана Жумабаева впервые становится объектом лингвистических исследований. Отдельные фонетические, лексические, морфологические единицы произведениях поэта подтверждаются конкретными примерами. Также в работе рассматривается этнолингвистический аспект некоторых слов.

## **Annotation**

The lanquaqe of Maqzhan Zhumabaev's works is the objekt of the linguistic research in our dissertation. The separate phonetic, lexical and morphological units in the poets's works are confirmed by the concrete examples. The ethnicolinguistic aspect of some words are also examined in our work.

## ЖАЛПЫ СИЛАТТАМА

**Зерттеудің өзектілігі.** Жиырмасыншы ғасыр басындағы көркем әдебиеттің дамуында өзіндік қолтаңбасымен, қаламгерлік ерекшелігімен көрінген ақындардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Оның шығармашылығы әдебиеттану ғылымында бірнеше зерттеулерге өзек болғанымен де, ақын шығармаларын тілдік жағынан қарастыру мәселесі мүлде кенже қалып отыр. Ақын шығармаларын тілдік түрғыдан зерттеген көлемді зерттеуді айтпағанның өзінде, бұл проблеманы көтерген бірде-бір мақала да жоқ. Міне, Мағжан Жұмабаев шығармаларының лингвистикалық түрғыдан арнайы зерттелмеуі – осы жұмыстың жазылуына ықпал етті және тілдік түрғыдан алғанда өзіндік ерекшеліктері айқын қаламгердің шығармаларына лингвистикалық түрғыдан баға беруіміз – осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған қадамымыз. Жұмыстың жазылуына, сонымен бірге, ақын шығармаларының тікелей әсері болды. Яғни, әдеби тіліміздегі белгілі кезеңіндегі қазақ тілінің бейнелігін танытуға тиісті М.Жұмабаев шығармалары сиякты әдеби үлгілерді зерттеу нысанасынан тыс қалдырсақ, онда өткен ғасыр басындағы әдеби тіліміздің ерекшеліктері түгел ашылmas та еді. Жұмыстың өзектілігі – тақырыптың осындай тын болуымен түсіндіріледі. Жұмыстың өзектілігі осы зерттеуде жасалған ғылыми тұжырымдармен де сабактасады, яғни бұл зерттеудің көтеріп отырған мәселелерімен байланысты. Мағжан Жұмабаев шығармалары лексикалық, грамматикалық талдауларға алғаш нысан болумен бірге, мұнда ақын туындылары сол тұстағы әдеби тілдің құрамдас бөлігі ретінде де алғаш рет қарастырылған. Бұларға коса, Мағжан шығармаларының тілдік жүйесіне тұжырымдар жасалған.

**Зерттеудің нысаны.** М.Жұмабаев шығармаларының тілі (этнолингвистикалық зерттеу).

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – жиырмасыншы ғасыр басында өмір сүрген Мағжан Жұмабаев шығармаларының тілін зерттеу. Осы негізгі мақсатты айқындау үшін алдымызға мынандай міндеттер қойдық:

- Шығармаларын фонетикалық, лексикалық, морфологиялық түрғыдан саралап, талдаулар жүргізу;
- Қаламгер туындыларының этнолингвистикалық сипатын зерделеу.

**Зерттеудің дереккөздері.** 1989 жылы жарық көрген М.Жұмабаевтың шығармалар жинағы зерттеудің дереккөзі болып табылады.

**Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері.** Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде ғалымдар А.Байтұрсынов, С.Исаев, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, А.Ысқақов, И.Маманов, А.Қ.Тұрышев енбектеріндегі тіл білімінің басты теориялық негіздері алынды. Сол сиякты көркем әдебиеттің тілін зерттеген (М.Әуезов, F.Мұсірепов, F..Мұстафин), ақындардың (Т.Молдағалиев, Ж.Молдағалиев, М.Шаханов) тілі бойынша жазылған зерттеу жұмыстарының ғылыми тұжырымдары

басшылыққа алынды. Сондай-ақ, шетел ғалымдарының еңбектері де жұмыстың теориялық және өдіснамалық негізін құрады.

**Зерттеу өдістері.** Жұмыстың зерттеу өдістеріне тіл білімінде қалыптасқан бірқатар ілгерінді өдіс-тәсілдер алынды. Тарихи-салыстырмалы, бакылау, объективті-аналитикалық, сипаттау, фоно-морфологиялық анализ сиякты өдіс-тәсілдерді атауға болады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Бұл жұмыста Мағжан Жұмабаев шығармаларының тілі түнғыш рет лингвистикалық түрғыда қарастырылды. Ақын шығармаларындағы кейбір фонетикалық, лексикалық, морфологиялық единицалар, жекеленген тұлғалар нақты мысалдармен дәлелденді. Шығармаларындағы кейбір ескіліктерге этнолингвистикалық сипаттама жасалды. Осы айтылған мәселелер бойынша жұмыстың жаңалығын құрайтын нәтижелер алынды.

**Көрғауға ұсынылатын тұжырымдар.** Диссертациялық жұмысты орындау барысында онда шешілуге тиісті тәмендегідей тұжырымдар ұсынылып отыр:

- Мағжан Жұмабаев өмір сүрген дәуірдегі тілдік фактілерді, деректерді анықтау;
- Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы кейбір фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктерді нақты мысалдар арқылы көрсету;
- Мағжан Жұмабаевтың қазақ әдеби тіліндегі алатын орнын анықтау;
- Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы кейбір ескіліктерге этнолингвистикалық сипаттама жасау.

**Зерттеудің теориялық және практикалық мәні.** Зерттеу нәтижелерін төл әдеби тілміздін тарихын жасауда, оқулықтар мен оқу құралдарын, Мағжан тілінің сөздіктерін жазуда, мектеп, лицей, колледж, сондай-ақ, филология факультетіндегі қазақ бөлімі студенттері үшін арнайы курстар мен семинарлар жүргізуде пайдалануға болады

**Зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы.** Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері курстық жұмыста, «ПаУ хабаршысы» ғылыми журналында жарық көрген «Мағжанның сөз саптау шеберлігі», «Мағжан шығармалары тілінің морфологиялық ерекшеліктері» атты еki мақалада жарияланды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Сонында қысқартылған атаулар, терминдер мен түсініктер, пайдаланылған әдебиет тізімі берілген.

## **Мазмұны**

Жалпы сипаттама	2-3
Кіріспе	5-7
1. 1900-1938 жылдар аралығындағы қазак әдеби тілінің дамуы, өзіндік ерекшелігі	8-19
2. Мағжан Жұмабаев шығармаларының тілі	20
2.1.Фонетикалық ерекшелігі	21-22
2.2Лексикалық ерекшелігі	23-29
2.3.Морфологиялық ерекшелігі	30-32
3.Мағжан Жұмабаев шығармаларының этномәдени лексикасы	33
3.1.Заттық мәдениет лексикасы	34-40
3.2.Рухани мәдениет лексикасы	41-45
4. Корытынды	46-47
5. Терминдер мен түсініктер	48
6. Қыскартылған атаулар	49
7..Пайдаланылғанәдебиеттер	50-52

## KIPISPE

Мағжан өмірі мен шығармашылығы, ақындық стиль, жанр ерекшеліктері туралы көзкарас, ой-пікір, талдаулар, негізінен, ғылыми еңбектер мен сын мақалаларда, оқулықтар мен газет-журналдарда жарияланып жүр. Мағжан Жұмабаев төңірегінде көтерілген мәселе, ой-пікірлерді уақыт жағынан шартты түрде мынандай кезеңдерге бөлуге болады:

**Бірінші кезең** – 1923-1938 жылдар аралығы. Жұсіпбек Аймауытов, Қошке Кеменгеров, Смағұл Садуақасов, Мұхтар Әуезов қатарлы қаламгерлер жазып, жариялаған сын-зерттеу, баяндамалар Мағжантанудың ғылыми негізін қалаған.

**Екінші кезең** – 1938-1960 жылдар аралығы. Мағжанды қазактың жауы деп қаралап, қудалаған кезең. Баспа бетінде ешқандай мақаланың жарияланбауы.

**Үшінші кезең** – 1960-1989 жылдар аралығы. Бұл кезеңді Мағжанға араша түсіп, есімін ақтап алуға ұмтылыс жасаған кезең деуге болады. Көрнекті әдебиетші Ілияс Омаров: “Мағжан – қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса, кейбір “әдебиеттің жұлдызы боламыз” деп жүргендер сөніп қалады. Осы бір көртартпалардың қырысының күніміз әлі күнге дейін нұрын шаша алмай келеді,” – деп жазды.

Қазақ университетінің профессоры, ұлты татар, тілші-ғалым Хайролла Махмұдовтың Мағжанды жарыққа шығару жолында еңбегі айрықша. Ал башқұрт халқының ұлы тұлғасы Сәйфи Құдаш 1969 жылы Қазақстан жазушылар одағына ұзақ хат жазды. Ол Мағжанды: “ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын, оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып өуенде жыры бар,” – деп бағалады.

Ал Әбділдә Тәжібаев сияқты ақын-ғалымдарымыз Мағжан шығармашылығына теріс баға беру арқылы Мағжан сынды ақын болғанын еске салып отырған. Бұндай үрдіс сол кезде Мәшіүр-Жұсіп сияқты дана адамдарымыздың басынан да кешкен құбылыс.

**Төртінші кезең** -- 1989 жылдан кейінгі кезең. Бұл кезең әдебиетте актаңдақтармен, төл әдебиетімізben қауышу кезеңі. Егемендік алғаннан кейін нағыз жүйелі, ғылыми Мағжантану кезеңі басталды. 1989, 1995, 2002 жылдары шығармалар жинағы жарық көрді.

Мағжан шығармашылығы туралы алғаш пікір айтқан – Жұсіпбек Аймауытов болды. 1923 жылы Мағжан ақындығы туралы Ташкенттегі қазақ студенттеріне жасаған баяндамасында: “Мағжан өлеңдерін аса құнталап, бұлдарап, шарыққа шығаратын мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылышп өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қысқасы Мағжанның қасы да, досы да бар. Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімен қарағымыз келеді. Сын көзі дегенде, біз ғылымның көзімен қарағымыз келеді” [1,401]. Мағжан несімен күшті деген сұраққа Ж.Аймауытов: “Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындан үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті... Санап, тексеріп қарасақ, Мағжанға қарсы жазып жүрген ақындардың бәрі Мағжан өлеңдерінің даяр түрімен жазып отырғанын көресіз. Женіл-желпі өлеңшілер былай тұрсын, бір

кезде күшті болған ақындарымыз, Мағжанға ұстаз болған ақындарымыз бұл күнде өлең жазса, баяғы шәкіртіне еліктейтін болыпты... олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, сонына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ,” – деген [1,424-428].

1929 жылы Мұхтар Әуезов: “Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң, Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Мағжан мәдениеті зор ақын... Қазақ қауымынан ертерек шыққандай..., бірақ түбінде заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі,” – деген екен [2,294].

Жүсіпбек пен Мұхтардан басқа Мағжанның ақындық құдіретін бағалап, биікке көтергендер – М.Дулатов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Қ.Кеменгеров және тағы басқалары бўлды. Бұл кезеңде жазылған мақалалардың басым көшшілігінде үстірт, теріс баға берушілік те орын алды. Мағжан шығармашылығына көп тоқталып, саяси жағынан, таптық жағынан қатты сынға алғандардың бірі – Фаббас Тоқжанов. “Мағжан совет тұсында” деген мақаласында ол Мағжанды “табы, тобы бөлек, сөзі жат, байышыл ақын. Бұ күндегіден безген, келешегі жоқ, уайымшыл, жылауық ақын” дегенге дейін барады (Е.Қ. 1925 ж, 19-қараша).

Бірақ Фаббасов өзі айтқандарын жоққа шығарып: “Қазақ әдебиетіне Мағжан кіргізген жаңалықтары жоқ емес. Мағжан- күшті ақын. Өз ойын, өз тілегін ұқтыра біletін ақын. Көркемдік, әдемілік жағынан қарағанда, Мағжан өлеңдері үлкен оқиға. Өлеңнің сыртын Мағжандай келтірген (бір Абай болмаса) қазакта әлі де ақын жоқ. Аз сөзбен көп сөз айтатындық Мағжанда бар. Мағжан сөзге еркін. Кейбір өлеңдерінде шешендік, толғау күй төгіліп келетіні рас,” – деп дұрыс та баға берген.

Мұндай үрдіс 1960 жылдан бергі уақытқа дейін созылды. 1960 жылы Мағжан азаматтық тұрғыдан ғана ақталып, оның жүрегін жарып шыққан жаралы жырлары “қамаудан босатылмады”. Ә.Тәжібаев осы жылы шыққан “Өмір және поэзия” кітабында Мағжан шығармашылығын жоққа шығарады: “Буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылардың ішінде ерекше көзге көрінген, ақындық таланты мен өнерін түгел байшылдыққа жұмсаған – М.Жұмабаев. Біздіңше, Мағжан лирикаларының барлық мерезін пышақтап отырып көрсету керек те, оның жұқпалы, зиянды “күштерін” әшкереңде керек. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашағы үшін де қажет,” – деп Мағжан шығармаларын Абайға қарсы қойған. “Абай кекеткен тақырыптарды арман, мұратына айналдырды,” – деп баға берген [3,46]. Бірақ, Ә.Тәжібаев кейін өзін-өзі сынға алып, “Мағжаның алдында кешірілмес күнө жасадық. Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлемдекен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді,” – деп 1989 жылы шыққан Мағжан жинағына мүлде жаңа көзқараспен мақала жазады [1,12].

Мағжан шығармашылығын жоғары бағалағандардың бірі – Хайролла Махмұдов. Абайдан соңғы қазақ әдебиетіне ықпалын үздіксіз жүргізгенін бағалайды. Оның пікірінше, “Мағжан ашқан жаңалығы – оның көркемсөздің

контексін жасауында. Мағжанның жаңалығы тек үндестік қайталануының үш түрін – унисондық, контрастылық және гармоникалық кіргізгендігі емес, ең алдымен оның өлеңінің ішкі мазмұнмен түгелдей қабысып, қалыптасып жатқан жаңа мөлшерін, жаңа ырғағын табуында, шумактардың бүтіндей жаңа түрін жасауында және қазақ өлең тілінде ешқашан болып көрмеген жаңа ұғым, жаңа мазмұн беретін синтагматикалық даралық жасай білуінде.”

60-жылдары Мағжан есімінің ақталып, шығармаларының оралуына қам жеген адамдардың бірі – башқұрт халық ақыны Сайфи Құдаш болды. Д.А.Конаевқа, Қазакстан жазушылар одағына жазған хаттарында Мағжан өмірі мен шығармаларына жан-жақты талдау жасап, оның толық ақталуын сұрайды.

1988 жылы Мағжаннан кейін оның шығармаларын зерттеу жұмысы қолға алына бастады.

Бүгінгі Мағжантануда ақын поэзиясындағы романтизм, прозасы, табиғат лирикасы, психологизм мәселесі, философиялық, мәдениеттанушылық көзқарастары, педагогикалық еңбектері сияқты тақырыптар зерттеліп қарастырылуда.

1989 жылдан бері Р.Нұрғали, Қ.Мәшіүр-Жұсіп, Б.Қанарабаева, Ш.Елеуkenов, И.Құттықожаев, Б.Жетпісбаева, Е.Тілешов сияқты ғалымдар Мағжан шығармашылығын зерттеп, монография, оқу құралдарын жазды.

Осылай, Мағжан шығармаларын ғылыми зерттеу мәселесі тек бірер жылда ғана жүзеге асырылды. Ақын туындылары соңғы он бес жыл көлемінде үздіксіз зерттеліп келеді, әлі де зерттелуде. Осы зерттеулердің нәтижесінде ақынның айналасында көтерілген мәселелердің көпшілігі дерлік өзінің тұжырымды шешімдерін тапты.

## I. 1900-1938 ЖЫЛДАР АРАЛЫГЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТИЛІНІҢ ДАМУЫ, ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Жұмысымыздың алғашқы бөлімінің мақсаты – 1900-1938 жылдардағы әдеби тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымының өзіндік ерекшеліктерін, кейбір тілдік үлгілердің тұрақтану процесін көрсету, әдеби тілде болған жаңалықтар мен өзгерістердің, кейбір көне тұлғалардың жандану сырын түсіндіру.

Тілдегі болып жаткан өзгерістер, белгілі бір тілдік құбылыстың өшіп, екінші біреуінің туып, жандана бастауы ешбір себепсіз болмайды. Белгілі кезеңдегі ондай өзгерістер, жалпы тілдің даму барысынан, қоғамдық кажеттіліктен, тілдің ішкі заңы негізінде туып отырады. Тілдің белгілі бір кездегі тармағын зертегенде, ол тілдің жалпы даму заңдылығынан бөлініп алынбай, сол дамудың желісінде қаралу тиіс.

Р.А.Будаговтың көрсетуінше, тілдің дамуы оның өткен кезінен ғана емес, қазіргі сәтінен де байқалады, тілдегі тарихи құбылыстар оның қазіргі сәтінен көрініп отырса, қазіргі дәрежесіне жетуі тарихи дамуынан танылады.

Тілдегі әрбір құбылыс белгілі дәрежеде басқа құбылыстармен тығыз байланыста болып отырады. Тілдік құбылыстар арасындағы байланыстар мен олардың сипаттары тарихи жағдайларға байланысты құбылып, өзгеріп отырады. Сол себепті қарастырылып отырған кезеңдегі әдеби тілдің дамуы мен өзіндік ерекшелігін талдау үшін сол кездегі тарихи оқиғаларды ескеру керек. Олар: 1904 жылғы орыс-жапон соғысы, Ресейдің 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, 1914-1918 жылдардағы бірінші империалистік соғыс, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық кетерлісі, 1917 жылғы ақпандағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, сол жылғы Қазан төңкерісі. Сол кездегі Қазақстанның экономикалық жағдайын да есепке алу керек: сауда-саттық, ұсақ қол өнеркәсібі, отырықшылдық, егін салу көбейді, тау-кен өндіріс орындары, темір жолдар салынды.

Жиырмасыншы ғасырдың басында әдеби тілдің дамуына зиялы қауым өкілдері бірден ат салысты. Мәшіүр-Жүсіп Көпееев – ауызекі де, жазба да әдеби тілді мәңгерген адам болған. Әдеби тілдің тасушылары: билер, шешендер, жыршылар мұрасын жинақтап, “бабалар тілінің қаймағын бұзбай, шашау шығармай бүгінгі ұрпаққа жеткізді” [4,34].

Табиғатынан аса дарынды ақын, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың тіл жанашыры ретіндегі шоқтығы анағұрлым биік болды. “Өз қолымен жазған “Өмірбаяныңда” (1929, 8 март) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ

алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен, үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өндеге, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты”[5,10-11].

Біз сөз етіп отырған кезеңде әдеби тіл ұлттық сипатта, жаңа сапада дамыды. Абай шығармашилығы ұлттық әдеби процестің кіндігі болып, қазақ қоғамының оқу-ағарту ісі ілгері аяқ басып, қазақ тілінде кітаптар шыкты. Баспасөз дүниеге келіп, жазба әдебиеттің түрлі жанрлары туа бастады. Осы жағдайларға қарай әдеби тілдің ауқымы кеңейіп, мәні мен қызыметі салмақтана түсті. Соңдықтан да осы кезде басылып шыққан оқу-педагогикалық сипаттағы кітаптар, жеке авторлардың жинақтары, аударма әдебиет үлгілері, газет-журналдар, ресми құжаттар және басқалары әдеби тілдің қаншалықты дамығанының көрсеткіші.

Мерзімді баспасөз әдеби тілді дамытуда ерекше орын алды. 1905 жыл төңкерісінен кейін қазақ тілінде газет-журналдар шыға бастады, өйткені Ресейдегі өзгерістердің өршуі қазақ еліне де елеулі әсер етті. “Серке”; “Қазак газеті”; “Қазак тілі”; “Қазақстан”; “Ешім даласы”; “Сана”; “Жас қазақ”; “Ақ жол”; “Абай”; “Айқап” сияқты газет-журналдар басылып тұрды. Осы басылымдардың беттерінде әдебиеттің түрлі жанрлары сараланып, жаңа жанрлар үлгісі пайда бола бастады. Публицистика тілінің қалыптасуына негіз салынды. Сонымен қатар, бұл газет-журналдар қазақ халқының хал-жайы, өнер-ғылым үйренуі туралы, тағы басқа сол кездегі өзекті мәселелерді көтерді, әдеби тілдің дамуына әсер етті. Әсіресе, “Айқап” журналы қазақтың ана тілі мәселесін, оның әліппе, грамматика мәселесін кең талқылады. Әдеби тілдің өркендей түсіүне теориялық жақтан да, тәжірибелік жақтан да ықпал етті. “Бұған Мұхаметжанның өзінің оқу, оқыту құралы, шекірттер, оқытуышылар туралы жазған көптеген мақалалары, Сұлтанмахмұттың “Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?” (12-сан, 1913 жыл) деген мақаласы, Спандиярдың “Үлгілі бала” деген оқу кітабы дәлел бола алады. “Айқап” қазақтың сол кездегі ақын-жазушыларының жаңа, таңдаулы шығармаларын үнемі басып отырды. Көптеген ақын-жазушыларды тәрбиелеп өсірді. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы көрнекті ақын-жазушыларымыз Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев “Айқап” арқылы жазушы болып қалыптасты, “Айқап” арқылы өсті” [6,19].

Осылай бұл кезеңде үлкен өзгерістер мен соны жаңалықтардың бірі болған баспасөз органдарының бір жағынан, саны көбейіп, екінші жағынан, сапалық қасиетінің артуы болып саналады. Бұл кезге дейінгі мерзімді баспасөздің тіл құрылышы бірсызырғы қызмет атқарып, оның негізгі күрделі мәселелерін шешіп бере алмады. Бір жағынан, кітаби тіл дәстүрінің сақталып келуі, екінші жағынан сөйлеу тілі элементтерінің сұрыпталмай, қалай болса солай қолданылуы әдеби тілдің дамуын баюлатып еді.

Қазак тілінде кітап бастыру ісі бұрынғыға қарағанда жиырмасыншы ғасырдың басында едәуір дами тұсті. Бұл оқиға да әдеби тілдің дамуына зор үлес қосты. 1900-1938 жылдар аралығында қазак тілінде 500-ге тарта кітап басылды. Абайдың, Ұбырайдың, Ақмолланың, Нұржан Наушабаевтың, Мәшіүр-Жүсіп Қөпевтің, Мақыш Қалтаевтың, Мұхаметжан Сералиннің, Сәбит Дөнетаевтің, Спандияр Қебеевтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың және тағы басқалардың шығармалары, аударма кітаптары, қазактың ауыз әдебиетінің нұсқалары, қазақша оку кітаптары басылды.

Жоғарыда атап өткендегі жиырмасыншы ғасырдың басында Абай шығармашылығы орталық тақырып болып, Абай дәстүрін жалғастырушылар болды. С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев тағы басқалар Абайдан үйренді, Абайша ізденді. Олар Абай дәстүрін жалғастыруымен бірге түр жағынан түрлендіріп, мазмұн жағынан байытып, дамытты. Ақырында, олар өз шығармаларында Абай өлеңдерінің үлгілерін, тіл өрнектерін кеңінен қолданып, соның негізінде өздері жаңа өлең, тіл үлгілерін шығарды.

Аталмыш кезеңнің басты мәселелерінің бірі болып алфавит, емле мәселесі болды. Жарық көрген оқу-педагогикалық әдебиеттерде “жәдид” немесе төте оқу насиҳаттады. “Қадимде”, яғни ескі оқуда араб тілі дәстүрі сакталса, “жәдидте” әрбір дыбысқа әріп таңба белгілеу және жазуда сөздегі дыбыстардың таңбасы түсірілмей жазылу принципі сакталған

Араб алфавитінің қындығы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтындығы байқалғандықтан Ахмет Байтұрсынов бастаған зиялыштар оған реформа жасап, қазақ тіліне икемдеді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ араб дыбыстарының белгілері, әріптері (т,с,з,д,с) алынып тасталды, керісінше араб алфавитінде жоқ әріптер: п,ң,ғ,ұ,ү тағы басқалары қосылды. Жазуда сингармонизм заңы негізге алғынды. Сөйтіп, сауат ашуда көп женілдік туды. Бұл үлгілерді халық ағарту жүйесіне енгізуді, тіл тазалығын сактауды насиҳаттаған әсіресе “Айқап” журналы мен “Қазақстан” газеті еді. Осы тұста қазақ тілінде

алғаш рет әліппелер де жарық көрді. Олар: “Қазақ әліфбасы”, Мартаби Закария бин ерғали Ал-Ахмеди, Қазан, 1910;

“Асул сутие тәртібінде қазақша әліфба”, Мартаби Мұхамедораз бин Нұрбаи, Уфа, 1910;

“Әліфба яки тәте оқу”, Мартаби уа қазақ нашрлары медресе Ғалиедегі қырғыз уа қазақ шәкірдлері, Уфа, 1911;

“Қазақ балаларына жәрдем. Қазақша әліфба кітабы”. Тәртіп етуші Кенжеғали бин Ғабдулла бин Серғали, Қазан, 1913;

Иманғали Бейсенбаласы “Қазақша дұрыс жазу қағидалары”, Қазан, 1914, т.б. [7,223].

Қазақ арасындағы оқу Бұқара Қазан жанындағы мұсылманша оқудың үлгісі, тәртібі бойынша мектеп (бастауыш оқу), медресе (орташа оқу) болып аталды. Олар 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өмір сүріп келді. Бұл мектеп, медреселерде 1905 жылға дейін көбіне діни сабактар оқытылса, буржуазиялық-демократиялық төңкеріс ықпалымен мектеп, медреселердің көпшілігі жаңа, тәте оқу үлгісіне көшті. Енді мұнда діни сабактармен қатар ана тілі, есеп, география, тарих оқылды, кейбірінде орыс тілі де жүргізілді.

Қазан революциясынан кейін жаңа қоғамның орнауына байланысты туған жаңа сөздер, терминдер қоғамдық өмірдің алуан түрлі саласында өз орындарын тауып, қолданып жүрді. Саясат және мемлекет, сыртқы және ішкі саясат, соғыс және бейбітшілік мәселесі, ұлт мәселесі, мемлекеттік жаңа басқару органдарымен байланысты туған көптеген жаңа ұғымдар пайда болды: *революция, қозғалыс, тап, большевик, ші, қаулы еңбек, қарар, жарыс сөз, жоба, программа, мүше, үндеу, атқару комитеті, съезд, конференция, баяндама* тағы басқа да әр алуан сөздер тілімізде өз көріністерін тауып жатты. Мысалы,

*Трактор, машина* жасап,

*Электр, телеграмма* сымсыз (С.Д.,135).

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жаңа ұғым бір ғана сөзben аталып, әдеби тілге бірден еніп кеткен жоқ. Мәселен, *революция* сөзі кейде **төңкеріс** деп те айтылып, *жарыс сөз* бірде *талақ сөз*, бірде *тартыс* болып, *коммунистік* деген *ортакшыл, орталық* деген *кіндік* болып та қолданылды.

Жаңадан партия, кеңес органдары мекемелерінің қазақ даласына келуімен байланысты тілімізге орыс тілінен көптеген жаңа мекеме, ұйым, лауазым, қызмет атаулары енді. Мысалы, *халық комиссириаты, өлкелік комитет, губком, секретарь, комиссар, пленум* т.б. Экономикалық өмірдегі жаңалыктар да тілімізге жаңа сөздер енгізді. Темір жолдарының салынуы, фабрика, зауыттардың жұмыс істеуіне байланысты: *поезд,*

*машина, вагон, электр, трамвай, паравоз* сияқты сөздер қолданысқа енді.

Орыс сөздерінің бір тобын қазақ тілінің заңына бағындырып, көпшілігінде жалғау, кейде жұрнақ жалғап қолдану да бар: *партибилетті, интернатқа, расчетсыз т.б.*

Мысалы:

Сонымен, *начальнику* арыз берді,..

*Заводта, конторда* да қызмет етті...

Алып келіп *школга* берерінде,

Ескертті *учительге* зерегін де (С.Д.,130).

Абайда болған: “*самородный сары алтын*”, “*занимайся прямотой*”, “көгалды қыуп *гуляйттан*” сияқты сөйлеу тілінде баламасы болса да аудармай, аталмыш кезеңде орыс сөздерін сол күйінде қолданушылық та орын алған.

Мысалы:

Әр кімнің өз аузына қолы жақын,

Бар *законнан* өзіне еркі макұл (С.Т.,163), немесе

Бригад кеп:

*Доклад* деп,

*Собрания* шақырды...

Жинал, баптап

*Сорттавайттан*,

Дәрілетпек тұқымды (С.Д.,126).

Сол кезде осындай өзгерістің тілге енуі заңды да еді. Өйткені “тіл қанша бай болғанмен, басқа тілдермен қарым-қатынассыз, өз бетімен, тек өзінің ішкі мүмкіншіліктерінің шеңберінде ғана дамып қоймайды. Сол тілдің иесі басқа халықтармен әр жағдайда қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде, тілдердің бір-біріне ауыс-түйіс жасап, әсер-ықпал етіп отыратын белгілі. Әсіресе қоғамдық өмірде үлкен өзгерістер болып жатқанда, жеке бір тілдің ішкі материалдары жетісе бермейді. Сондықтан халықтармен қарым-қатынас жасап отырған тілдің лексика саласында, әсіресе жаңа ұғымға байланысты сөз ауысуы заңды құбылыс. Әсіресе, лексиканың терминдер саласында, өте-мөте техникасы дамыған елдің ықпалы ерекше болатыны белгілі” [8,101].

Жиырмасыншы ғасырдың қарастырылып отырған кезеңінде батыс халықтары тілінің сөзі, интернационалдық лексика қазақ тіліне орыс тілі арқылы енді, өйткені олар орыс тілінің сөздік құрамынан бұрыннан орын алған. Мысалы, *революция* сөзі орыс тілінде он тоғызыншы ғасырдан бері қолданылып келсе, қазақ тілінде қазан революциясынан кейін ғана пайда болды. Соның өзінде 20-жылдарда бұл сөз тілімізде толық тұрақтамай, ол ұғымды *тоңкеріс* сөзі алмастырып жүрді.

Кірме сөздердің тағы бір тобы араб, иран, парсы тілдерінен қазақ тіліне сіңсіп, байырғы сөздер қатарына қосылды. Олар осы күнде әдеби тіліміздің кажетін өтеп жүр. Саяси-әлеуметтік өмірге байланысты *куә, мұdde, арыз, қарар* сияқты сөздер, оқу-ағарту, медицина, күнделікті өмірге байланысты *маслихат, табиб, майдан, тәржіме* тәріздес сөздер колданылған.

“Жиырмасының ғасырдың басында мерзімді баспасөз тілінде жұмсалған осындай кірме сөздер қолдану шеңбері жағынан біркелкі емес, кейбірі бұрынғы жазба мұраларда, тіпті әдеби тілде қолданылып келген болса, енді бірсынырасы алғаш “Айқап” бетінде қолданылған деуге болады. Сол сияқты бұл кірме сөздердің тек “Айқап” шеңберінен аса алмай, осы аяда ғана қалып қойғандары да бар. Мысалы: *жанаблары, мұхтарам, хаслан, тахсил* т.б.” [7,118]. Сондай-ақ, *нәм, дәрсі, миллем* тәрізді сөздер баспасөз бетінде де, ақын-жазушылардың шығармаларында да жиі ұшырасады:

Оллаңи, ант етемін алла атымен,  
Орыс тілін білемін **нәм** хатымен,  
История, география пәнді білмей,  
Оллаңи, тірі болып жүрмеспін мен (Б.ғ.ж,496),  
немесе :

Бәрінді де ізден қарап көрермін,  
Тапқанымды тастамаспын, терермін.

*Миллем* үшін еңбектері сіңген деп,  
Өснег қып, кейінгіге берермін (А.Б.,71).

Жазба әдеби тілге сіңбей қалды. Ал керісінше, *саял, өкіл, мағлұм, рәсім* сияқтылар жазба әдеби тілден “түпкілікті орын теуіп, жаттығын жойып”, байырғы сөздеріміздің қатарын толтырды.

Әдеби тіл лексикасының баюы, дамуы тілдің өз ішкі мүмкіншіліктерінің негізінде де дамиды. Бұрыннан қолданыста бар сөздер сол күйінде ғана немесе жаңа мағыналық реңк үстеліп, қызметі қеңейіп қана қойған жоқ, сонымен бірге олар жаңа мағынада қолданылып та, жаңа сөз тудыру процесіне де катысып отырды. Мысалы, “Қазақ жастарына бұған дейін болған кемшілік *көзқарасты* тастап, орыс жастарымен бірдей қарау керек” (К.Қ., 1922, №10), “Майда болған сайлауда бейнеткорлар *дауысын* денден әсерлерге, меншевиктерге, кадеттерге берген еді” (Е.Қ.,1923,25 май). Бұл келтірілген мысалдардағы *көзқарас* сөзі бұрын адамның бір затқа қарауы, көз салуы, көз тастауы мағынасында ғана колданылса, енді адамның белгілі бір күбылысқа, мәселеге деген түсінігін, пікірін, ойын байқату мағынасында қолданылған. *Дауыс* сөзі ауыздан шықкан дыбыс мағынасын білдірсе, енді сонымен қатар жаңа саяси мәнге ие болып, *мақұлдау, қолдау* сияқты

үстеме мағынаны білдіреді. Сол сияқты *тіл* сөзінің де жаңа мағынада қолданылғаны байқалады. *Баспасөз* сөзімен синонимдес айтылып, *орган* сөзінің орнына қолданыла бастайды: “Партияның орталық *тілі* болған “Правда” газеті қуаттандырылуға тиіс” (Қ.Қ., 1924, №3).

*Тіл* сөзінен –ші журнағы арқылы *тілші* деген жаңа сөз жасалған: “Қолдан келгенше жұмысшылардың арасынан шыққан *тілшілердің* санын арттырып...” (Қ.Қ., 1924, №3), “жұмысшылар тұрмысы, ауыл тұрмысы жазып туратын *тілшілерді* көбейтуге жәрдем көрсету керек.” (сонда). Келтірілгендегі мысалдағы *тілші* сөзі *корреспондент* дегеннің орнынан жұмсалып, белгілі бір мамандықтың атын білдіреді. Бұл сөз әдеби тілден берік орын теуіп, күні бүгінге дейін қолданыста келеді. Сондай-ақ тіл сөзі 1920 жылдары *хабар*, *жар салу* мағынасында да қолданылған: “Адай ревкомы мен халық ағарту бөлімі *тіл согын*, оқуға ыжидигатты жас азаматтарға күн ілгеріден орын кездестірудің жолында”. (Е.Қ., 1923, 30 июль). Сол сияқты *құрал* сөзі де осы кезеңде әдеттегі *аспан*, *жарақ*, *әскердің қаруы* мағынанына бөлек, жаңа мағынада, орыс тіліндегі *пособие* сөзінің баламасы ретінде қолданысқа енді. : “Ол үйірмелерде ең алдымен *құрал* есебінде жолдас Лениннің өз кітаптары жүргізілсін” (Қ.Қ., 1924, №3).

Сол сияқты *кеши*, *серік*, *кеңес*, *мұрат*, *мұдде* тәрізді сөздердің қазіргі әдеби тіліміздегідей мағына өрісіне жетуі – аталып отырған кездің жемісі.

Жоғарыда аталған өнімді жүрнақтан саналатын *-шы*, *-ші* аффиксі негізінен, байырғы төл сөздерге, болмаса сөздік қорға ертеден-ақ еніп, тұрақты орын тепкен кірме сөздерге де жалғанған. “Оның үстіне бұқара қандай кітаптарды керек қылатынын бақылауға, зерттеуге кітапхана<sup>шыға</sup> тапсыру керек” (Қ.Қ., №3, 1924), “елдегі ұйымдарға оңай рет пен істелетін уақ өнерлердің өрнек үлгілерін көрсететін нұсқау<sup>шылар</sup> жіберуге тиіс” (Қ.Қ., №4, 1922), “Орынборда жұмыс істеу үшін қазақтан жеткілікті үндеушілер (инструктор, инспекторлар) даярлансын” (Қ.Қ., №4, 1922), “Жалпы дүниежүзіндегі крестиян қалаларында ńэм басқа ауылдарда да түрлі кәсіпшілер ұйымдарын ашып, еңбекшіл халықтың шаруасын күшетіп, нығайту үшін партия аппараттарын алдымен...” (Қ.Қ., №11, 1922), “Республика бақылау<sup>шысы</sup> қасында белгіленген шама бойынша қолбас<sup>шылары</sup> болады” (Қ.Қ., №10, 1922). Мысалда келтірілген сөздердің бәрі сәтті, ұтымды сөздер бола бермейді, сондықтан да олардың кейбіреулері әдеби тілде орныға алмады. Бұл қосымшаның орыс тілі арқылы енген сөздерге жалғануы өте сирек кездеседі. Оның өзі де ұтымды болмағаны байқалады. Мысалы орыс тіліндегі *-ист*, *-изм* қосымшаларының орнына қолданылған сөздерде: “Түркияның астанасы –

бүтін дұние капиталшы хұмметтерінің көзін тіккен Стамбул шаңары сол заманғы ионандардан күшпен алынған екен” (К.К., №11, 1922).

Сандық жағынан көп қолданылған формаларға **-лық, -лік, -дық, -дік, -тік, -тық, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** қосымшалы зат есім, сын есімдермен бірге **-и** баспасөз тілінде **әдеби, кітаби, мәдени, саяси, ғылыми** сияқты **-и** тұлғалы қатыстық сын есімдердің тіркесу қабілеттері өте жоғары екенін байқаймыз. Мысалы, **саяси хал, саяси агарту, саяси бюро, саяси көзқарас, саяси сана, саяси орталық, әдеби бөлім, әдеби журнал** т.б.

Сондай-ак, **-уда, -уде** тұлағы баяндауышты сөйлемдер де мерзімді баспасөз бен ғылыми, ресми әдебиеттер тілінде жиі ұшырайды: “Санын сағат сайын **көбейтуде**” (Е.К., 25 май, 1923). “Халық өте **ашығуда**” (К.К., №4, 1922). Бұл тұлғалы етістік қазіргі грамматикада осы шақтың бір түрі ретінде беріліп жүр.

Бұл кезде **-шыл, -шіл** жұрақтарының қызметі ерекше көзге түседі. Аталған қосымшалар негізінен есім сөздерден сын есім жасайды: “Жалпы ресейлік **ортакшыл** жастар ұйымы жиылысқа ұсынып отыр” (Е.К. 9июль, 1923), “...Конгрестің мүшесі **республикил** Фред Бриттен, “Ростаның” тілшісімен сөйлесіп отырып, мына келешектегіні мәлімдеген” (Е.К., 18июль, 1923). Осы жұрақтар арқылы жасалған сөздер көптік, жіктік, септік жалғаулардың бірін қабылдап, субстантивтеніп, кейде зат есім болып та жұмсалған. Мысалы, “егер ескі қалыбынан танбаса, езілген **енбекшілер** келешек күнде де өз құқығына ие бола алмай қалуы мүмкін.” (Е.К. 25май, 1923), “Біз, **төңкерісшілдер**, бұл істе былайғы жайбаракат істеріне тыныш қарай алмаймыз” (К.К., №11, 1922). **Еңбекшіл, төңкерісшіл** дегендер **енбекші, төңкерісші** деген сияқты сөздердің орнына қолданып, **-шыл, -шіл** қосымшасы, **-ши, -ші** жұрағы қызметінде де жұмсалған.

Осындай байырғы қосымшалармен бірге сол кездегі тілде кірме (араб, иран тілдерінен енген) формаларды қолдану жиі кездеседі. Мысалы, “Өлең айтушы, **әнпаз** адамдарды жүртқа есерсок деб көрсетпей, есті деб қадірлі етуб көрсетуге тырысындар” (А., 1913, №13), “Жақын жерде натариус тұрса, оған баруб натариальный **өситетнаме** жаздырған артық” (А., 1913, №6), “Медресе ашу үәм **науқасханелер** ашу” (А., 1913, №10).

Жиырмасыншы ғасыр басында араб-парсы тілдерінен енген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне дәл келмесе де, орфографияға лайықтап жазуға бағыт ұстанғандық **байқалады**. Мысалы: **амал-ғамал, әріп-харіф, әскер-гаскер**, тағы сол сияқты көптеген сөздер. Сондай сөздердің бірі – **ст** дыбыстарына бітетін сөздер. “Жиырмасыншы ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінен байқалатын ендігі бір

фонетикалық құбылыс – дауыссыз қосар **ст** фонемалары. Бұл қосар дауыссыз осы кезеңдегі көркем әдебиет тілінен де, одан арғы жердегі жазбалардан да үшырасады. Қосар **ст** олардың қайсысында да **рас**, **дос**, (**раст**, **дост**) есімдерінде қолданылады. Ал жиырмасыншы ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде бұл екеуінен басқа **дұрыс** (**дұрыст**) сөзінде де жұмсалады. Осы қосар дауыссыз **ст** етістік сөзден де аңғарылады. Ол – казіргі әдеби тіліміздегі **есу** етістігі. Бұл ара-тұра туынды түбірлі етістік ыңғайында **өстіру** түрінде қолданылады” [9,13].

Осы кезеңнің тағы бір ерекшелігі – сөздерге көптік, септік жалғауларының, сол сияқты бірсыңырғы жүрнақтардың ұяң, үнді дыбыстарынан басталатын нұсқалары жалғануында. Мысалы: “Шикізаттарды ашдар пайдасына жұмсау керек” (К.К., №4, 1922), “сондықтан әзіргі уақытда жергілікті халық басқармалардан бұрын һәм ұхқимет есебінде жәрмен пайдалануға ақысы бар” (К.К., №10, 1922).

Сондай-ақ, қатаң дыбысқа біткен сөзді байланыстыру үшін көбіне **бен** шылауы қолданылады. Мысалы, “Әсіреле соғыс мәселесіне келгенде әлгідей Совет **бен** партияның бірдей қатысулары...” (К.К., №7-8, 1922), “Фракцияшылдық мақсат **бен** өзін айтыс талқысына салмақшы болғандарға қарсы партия аянбай батыл күрес ашуға тиіс” (К.К., №13, 1924).

Сөз тудыратын, не форма өзгеретін жүрнақтардың қатаң дыбыстан басталатын нұсқалары жалғанбай, олардың орнына ұяң, не үнді дыбыстардан басталатын нұсқалар үстеледі.

Келтірілген мысалдардан байқалғандай сөз соңындағы көсемшениң – **ып**, **-іп** формасы көбіне –**уб**, **-үб** тұлғасында келеді: **сөйлесіб**, **отырыб** т.б. “Мұхтарам “Айқаб” оқушылар! Бұл сөзді өз қара басым мархаба деб шын көңілім менен қабул аламын” (А., 1911, №12), “Фотограф менен рәсім түсіруб алуб журушилер де көрінеді.” (А., 1913, №3).

Қазак тіліндегі үндестік заңының бұзылып қолданылуының негізгі себебі – сол кездегі мәдениет, өнер майданында еңбек еткен қалам қайраткерлерінің арабша жазу үлгісін сақтауында.

1920 жылдардың екінші жартысынан бастап жазудағы бұл дәстүр бірге-бірте қала бастады. 1927-1929 жылдар аралығындағы газет, журнал, кітаптар тілінде мұдай фонетикалық, фонетико-морфологиялық ерекшеліктер жоқтың қасы. Бұл мәселеге өз кезінде өкімет органдары араласып, олардың кейбірі жайында қаулы-қарап қабылдады. Сөйтіп, жеке ережелердің жаппай қолдануына мүмкіндік жасалды. “Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер”, “1924 жылы июль айының ішінде болып өткен қазақ-қырғыз білімпаздар жиылдысының жасаған қаулысы”, “Емле туралы қаулы” сияқты қаулы, ережелер нәтижесінде “тілдегі ала-құлалық, әр ізділік” жойыла бастады, “кітаби тілге” жататын кейбір тілдік

элементтер әдеби тілге еніп орнықса, кейбірі қолданудан шығып қалды. Осылай жазба әдебиетте екі түрлі бағыт болғаны байқалады. Оның бірі – “кітаби тіл” дәстүрін барынша сақтап, оның үстіне араб, иран тілдерінің элементтерін көбірек қолданып, әдеби тілдің аясын тарылту әрекетіндегі бағыт болса, екіншісі оған қарама-қайшы әдеби тілдің өрісін кеңейтуді көздең, тілге жаңа элементтерді кіргізуден қашпай, оның ішкі мүмкіншіліктерін толық пайдаланумен бірге қажет деген жерде шетел тілдеріндегі сөздерді батыл қолданып отырған бағыт” [10,37].

Қазак әдеби тілінің бұл кезеңдегі қоғамдық қызметінің өзгеріп, жаңа сапаға ие болуы ұлттық театрдың өмірge келуімен де тығыз байланысты болды. 1926 жылы Қызылордада тұңғыш мемлекеттік ұлттық театр ашылды. Сөйтіп, әдебиеттің драматургия саласы қалыптасып, дами түсті. Орал, Срынбор, Семей, Қызылжар сияқты қалаларда бірталай тұрақты, кейбірі үйірме дәрежесіндегі орыс, татар театрлары жұмыс істеді. Осы жаңалыктарға байланысты тілімізге сол кезде *театр, пьеса, трагедия, комедия, клуб* тәрізді сөздер енді.

Жиырмасыншы ғасырдың біз қарастырып отырған кезінде әдеби тілімізге қысқараган сөздер ене бастады: *ауатком, болатком, партбилет, колхоз, совхоз* т.б.

Мысалы:

Жүздеген *совхоздар* орнап,  
Мындаған *колхоздар* қоздап (С.Д.,90),  
*Атком* деген толып жатыр,  
Қолғап дей ме, *ауком* дей ме? (С.Д.,90).

Сондай-ақ екі не үш сөзден жасалған кірікken сөздердің қолданыска енүі де осы кезеңнің жемісі:

*Бесжылдықтың* жоспарын,  
Орындаға тәрт жылға... (С.Д.).  
Болды бөліс *төрагасы*... (С.Д.).

Жана ұғымдардың келуіне байланысты тұған сөздер әрдайым сәтті болып, әдеби тілгө бірден енбеген, бір ұғымда бірнеше сөз жарыса қолданылып жүріп, кейін оның біреуі ғана тұракталған. Мәселен, 1920-1930 жылдарда *кеңес-совет, председатель-бастық-төрагасы, шешен-білімдар, мәлімдеме-арыз-заявление, топ-жисылыс* тағы басқа көптеген сөздер катар қолданылған. Бір ұғымды бірнеше сөзben белгілеу сипаты 1931 жылы Қызылордада алғашқы жарық көрген “Атаулар сөздігінде” де көпtek кездеседі.

Сонымен бірге аталмыш кезеңде *отарба, күйсандық, шайтанарба, кіндік комитет* сияқты жасанды сөздерден тазарту, ал говор дәрежесінде қолданылып жүрген *дақыл, бағбан, диқан, шабандоз* дегендерді әдеби тіл деңгейіне дейін көтеру бағыты байқалады.

Жиырмасыншы ғасырдың бұл жылдарында қазақ тілінің лексикографиясын, яғни сөздіктерді басып шығу үрдісі жалғасты. Сөздіктердің дені орысша-қазақша және қазақша-орысша екі тілді болып келді. “Бұларда сол кездегі қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани өміріне қатысты лексика топтары жақсы қамтылды” [1,305]. Екі тілдік сөздіктер қазақ тілінің лексикалық құрылымының сол кездегі қабаттарын көрсетеді. Бұл кездегі қазақ тіліндегі кірме сөздердің дені орыс сөздері болған. Мысалы, 1911 жылы шыққан “Шағын орысша-қазақша сөздікте” *вилка, гарун, картошке, минут, линейка, стул, шкаф, газет, наград, почта* сияқты орыс сөздері кездеседі. Топтап кіріп жатқан жаңа ұғымдардың бірден сініспіп, өз атын дұрыс таба қоюы онай да емес еді.

Аударма мәселесіне жауапсыз қарау, қалай болса, солай аудару, әсіресе, 1920 жылдары көбірек кездеседі. Аударма кадрының жоқтығынан шет сөздерді әркім білгенінше аударды және термин сөздерді аударуда белгілі принцип болмады. Бір тілден екінші тілге аударуға болмайтын идиомдық сөз тіркестері, халықаралық кейбір термин сөздер де сөзбе-сөз аударылды. Мысалы, *социализмді тегісшілдік, коммунизмді ортақшылдық* деп аударды. 1931 жылғы “Атаулар сөздігінде” де жасанды сөздер мен дұрыс аударылмаған терминдік лексика көптеп ұшырасады. Мысалы, *авиатор-ұшуши, бассейн-алап, бюрократ-төре, гастрономия-аспа* т.б. Мұндай құбылыстардың болуы әдеби тілде бұрын терминдік лексика мәселесінің болмауында еді. Сол себепті 1933 жылы терминологиялық комиссия құрылып, терминологиялық бюлletenъдер шығып тұрды.

Әдеби тіл дегеніміз тас мұсін тәрізді қатып қалған нәрсе емес. Ол жетіліп, байып, шыңдалып, халық сөйлеу тіліндегі кәдеге жарайтын асыл дүниелерді өз бойына сініріп, оларды норма деңгейіне көтеріп отыратын тірі организм. Жиырмасыншы ғасырдың 1900-1938 жылдары әдеби тіл кітаби тіл элементтерінен арылды. Сөздік қорымыз байыды. Ауызекі сөйлеу тіліне тән кейбір сөйлем оралымдарынан арылдық. Төл жүрнектарымыз арқылы жаңа сөздер жасалды. Көптеген сөздердің мағынасы кеңейіп, кейбіреуі жаңа мағынада жұмсалатын болды.

Бұл кезең әдеби тілдің сұрыпталған сипатын дамытып, нормалық қасиетін орнықтырып, коммуникативтік қызметін кеңейтуге негіз болғаны даусыз.

Әдеби тілдің қаншалықты дамығанының бірден-бір көрсеткіші көркем әдебиет болса, “XX ғасыр басындағы ағартушы, демократ ақын, жазушылар, Абай сияқты, өз шығармаларын қазақтың Абай ұстартқан, дамытқан таза, нағыз әдеби тілінде жазды. Әрқайсысы өз әлінше қазақтың әдеби тілін заманына лайық, заманындағы саяси, шаруашылық, мәдени

мәдени оқиғаларға, өнер, ғылым, техника жаңалықтарына байланысты байытты, ілгері дамытты”[ 6,234-б].

## **2. МАҒЖАН ЖҮМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ**

Мағжан шығармаларының тілі оның көзінің тірісінде-ақ бағаланған еді. Ақынның тілі жөнінде де 1923 жылы алғаш пікір білдірген Ж.Аймауытов еді. Ол: “Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез казактын бұрынғы ақындарында болған емес,” – деп дұрыс көрсеткен [2,290].

Мағжан шығармашылығына қарсы шыққан С.Мұқанов: “Ақындық жағына келгендегі, Мағжан, әрине қазақтың құшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ,” – деген әділ бағасын да берген.

1961-1986 жылдары жазған мақаласында Жайық Бектұров: “Мағжан өлеңдерін оқығанда, әдеби тілі жетіліп қалған, сөзі мұсінді, ойы тұлғалы да іргелі халықтың көз алдында келтіресін,” – деп бұл бағытты жалғастырған [2,344].

Сонымен, Мағжан тілі туралы пікір білдірушілердің барлығы да оның тіл құнтарлығын, сөз қолдану шеберлігін мойындайды. Біз де Мағжан ұлттық тілдің мол қазынасын, сөз байлығын кеңінен пайдаланды, сол қазынаның үлгісінде жаңаларын жасады, осы арқылы әдеби тілді толықтырды, оның сөз мәдениетін жетілдіре түсті деген пікірді ұстанамыз.

## 2.1 Фонетикалық ерекшелігі

Бір сөздің әртүрлі дыбыстық вариантарының мағыналық толық тепе-тендігінің қарапайым үлгісі ретінде туыс тілдер фактісін келтіруге болады. Тұркі тілдеріндегі *мархаббат/ мархамат/ мәрхәмәт/ маҳаббат/ мұхаббат/ жас/ жаси/ йаш/ йоши* тәрізді бір сөздің түрлі дыбыстық өзгеріспен айтылуы – фонетикалық вариантарының үлгісі. Мұндағы дыбыстық ауытқу ешбір мағыналық, стильдік өзгешелікті білдірмейді. А.Ысқақов сөз атаулысының “заман озған сайын дыбыстық жамылғысы жағынан қылыштықтың өзгеріске үшірауы сөзсіз,” – деп дұрыс көрсеткен [11,6].

Мағжан тілінде сөздердің фонетикалық варианты зат есім мен есімдікten жасалған сөздерде үшірасады: *қатесіз-қатасыз, наизагай-наңағай, тымақ-тұмақ, мына-мана* т.б.

Қазақ тіліндегі сөздердің дыбыстық өзгеруінің тарихи фонетикаға тікелей қатысы бар. Бұл жағдай көне түркі жазбаларындағы кейбір фонетикалық құбылысты қазіргі тіл фактілерімен салыстырғанда анық көрінеді. Бұдан сөз тұлғасының фонетикалық өзгерісі өте үзаққа созылатын процесс екені байқалады.

Мағжанда фонетикалық вариантар жуан, жінішке дауысты дыбыстардың алмасуы арқылы түзілген: *егер-әгар, секілді-сықылды, мына-мана, қатесіз-қатасыз, тымақ-тұмақ*. Ертеде бұлардың қолданыста жуан сыңарлары қолданылған. И.Грунцель алтай тіліндегі тіл арты **а**, у дыбыстарын ең ертедегі дауыстылар деп, ал ә,ү тіл алды дауыстыларын олардан соң пайда болды деген болжам айтқан. Ж.Аралбаев қазақ тілі вокализмінің дамуын көне түркі дәуіріне (а, у,ы), орта түркі дәуіріне (ү,е,і) тән дауыстылар деп, нақты кезеңдерге бөледі. Ал тіл алды ә,и,ү фонемаларының қалыптасуын 15-18 ғасырларға жатқызады.

Мағжанда бар *сықылды* вариантының ертедегі түрі – “*сиық*” түбірінен түрленген “*сияқты*” сөзі. Ал сықылды тұлғасының буын үндестігі әсерімен дыбыстық өзгеріске үшірап, жінішке буынды сыңары пайда болған. Олардың бір сыңарын басым айтудан, екінші сыңарының біртіндеп қолданудан шығып калуы үздіксіз болып отырады.

Дауыссыз дыбыстардың алмасуынан түзілген вариантардан **с/ ш, к/ х** дауыссыздарының алмасуы арқылы жасалады: *сүйіниші- шүйіниші, хан-қан. Шүйіниші, қан* сыңары – ерте кезде қалыптасқан түрі болса, *сүйіниші, хан* варианты кейін қалыптасқандары. А.Тасымов **с/ш** дыбыстарының сәйкестігін аймақтық деалектілер мен говорлардан қарастырып, көнеден жеткен құбылыс дейді. Зерттеушілер бұл дыбыстардың алмасуын конвергенцияның әсері деп әр түрлі екі дыбыстың бір дыбыстың бойына сіңісуінен іздейді.

Мағжанда бар *әпкел, о жақта, бұ жақта* вариантарының тобы кірікken тұлғаға қатысты. *Әпкел- алып кел, о жақта-ол жақта, бұ жақта-бул жақта* түрінде уакыт озған сайын сөйлеу тілінің өуеніне қарай ықшамдала келіп, сөз тіркесінің кірікken тұлғаға айналып отыратыны байқалады.

*Бұл* есімдігіне қатысты М.Томанов: «құрамындағы –л о баста түбір құрамында болған ба , әлде кейін қосылған қосымша ма дейтін мәселе түркологтарды көптен ойландырып келеді. Оған себеп болатын осы сөздің сөз тіркестері құрамында кейде соңғы –л –сыз айтылуы. Қазіргі қазак тілінде **бұл жақ**, **бұл кез**, **бұл кісі** дегенді -л-сыз айтылу норма екені белгілі. Ал қазіргі түркі тілдерінде осы сөздің айтылу пішіні мынадай: қырғыз тілінде – **бұл**, башқұрт тілінде – **был**, өзбек , түркімен , үйғыр , құмық , ноғай , татар , түрік , якут , әзербайжан , алтай тілдерінде – **бу** , тува тілінде – **бо** , хақас тілінде – **пу** , шор тілінде – **по**[12,255].

Екпіні тұракты тілдерде екпіннің сөздің айтылуына тигізетін өсері екпіні жылжымалы тілдердегідей емес. Алайда қазақ тілі сияқты екпіні тұракты тілдерде де екпін сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуына өсер етпей қала қоймайды. Мысалы, Мағжандағы **сар даға** тіркесіндегі бірінші сыңарының (**сары**) дербес екпіннен айрылып қалып, соңғы сыңармен екпін жағынан бір топ қурап айтылуымен байланысты.

“Гуркістан уалаяты”, “Дала уалаяты” газеттерінің материалдарында **г** таңбасы **қ** болып жазылып отырған: *губернатор/кубернатор*. Мағжан бұл сөзді өrys тіліндегі таңбалануына жақындастып жазу үлгісін қолданған:

Март, апрель, май,  
Жорта тұр! Уайдай!  
Дұбір жатыр,  
*Губернатор* – біздің бай (М.Ж.,162).

немесе:

Селендейтін селенге,  
*Мұжықтың* андып бөлкесін (М.Ж.,194).

Мағжандағы фонетикалық ерекшеліктің бірі – етістіктердің ұян “д” дыбысына аяқталуы: *гүлденед*, *білең*, *алад*, *дейд*, *келед*, *күтед*, *алдырад*, *бараң*, *қояд*, *домалайф*, *қуламайд*, *тұрад*, *ыргалад* т.б.

## 2.2 Лексикалық ерекшелігі

Бұл бөлімде біз Мағжан шығармалары мәтінінің лексикасын зерттеуді көздегендіктен, ақынның сөз таңдау шеберлігіне тоқталамыз. “Сөз таңдаудың өзін екі саладан іздеу керек. Бірі - өлең текстерінде кездесетін сөздердің сол өлеңнің мазмұнына, тақырыбына катысты алынуы, екіншісі – көркемдік, яғни эстетикалық-стильдік мақсатпен белгілі бір сөздерді таңдап жұмсауы,” – дейді Р.Сыздықова [13,60].

Мағжан – ұлттыл ақын. Бар ғұмырын өз халқының ұлттылдық сезімін оятуға, казактың ауыр хәлін жеңілдетуге сарп етті. Өз шығармашылығында “елім”, “жерім”, “алашым” деген сөздерді Махамбеттен кейін көп қолданған. Мағжанның туындыларында “ел-елім” сөзі 100 рет, “қазақ” сөзі 32 рет, “алаш” сөзі 64 рет, “жерім” 4 рет, “жүртім” 5 рет, “халқым” 10 рет кездеседі. Мағжан – казак әдебиетінде “ұлтым” сөзін алғаш қолданған ақын.

Мағжанның ең жиі қолданған сөздерінің бірі түркі тілдерінде өте ерте заманнан келе жатқан “*тәңірі*” сөзі. Мағжан “*тәңірі*” этимонын казак жазба әдебиетінде бастапқы контекстінде алғашқы пайдаланған қаламгер. Көне алтай-түркі тілінен енген Ծұл сөзді ақын өз тілінде 81 рет жұмсаған. Ал араб тілінен енген “*алла*” синонимі 12 рет, казак тіліндегі “*жасаған*” варианты 2 рет кездеседі.

Жоғарыда атағандай “*алаш*” сөзі Мағжан шығармаларында жиі қолданыс тапқан сөздердің қатарына жатады. Мағжанда бұл сөз бірнеше мағынада көрініс тапқан. Мысалы, “Көргенше қош, *алаш!*!” – деп амандасты. (М.Ж.,40), “Есінді жи енді, *алаш*, тұр” (М.Ж.,43). Мұнда “*алаш*” – ел, жұрт сөздерінің синонимі ретінде қолданылған. Ал: “*Алты алашқа* атакты” (М.Ж.,66), “Баласы *алты алаштың*” (М.Ж.,69) дегенде белгілі бір этникалық құрам, қауым деген нақтылы тар мағынаны білдіреді. Оның бұл терминдік мағынасы алты сан алаш, он сан алаш, алты алаш сияқты тіркестерде келгенде тіпті айқын сезіледі. Енді: “*Алаш* деген елім бар” (М.Ж.,79) жолында *алаш* сөзі, “ел, жұрт, қауым” деген жалпы мағынаны білдірумен қатар, “казак елі, казак қауымы” деген нактылы терминдік мәнде қолданылған.

**Мақал-мәтелдер** -- астарлап, мәнерлеп айтатын ойдың бейнелі көрінісі, сондықтан олар аз сөзben көп мағынаны беруге бейім. Мағжан мақал-мәтелдердің осы касиетін шебер пайдаланған. Ол мақал-мәтелдерді өзгертіп, өзгертпей де қолданған:

“*Карманған қарап қалмас!* ” - деген рас,

Токтамай істей білсөн батып терге (М.Ж.,32).

немесе:

“*Халық айтса, қалт айттайды*” деген ғой,

ие боиты байтақ терен ақылға (М.Ж.,217).

Бұл келтірілген мысалдарда “*Карманған қарап қалмас*”, “*Халық айтса, қалт айттайды*” мақал мәтелдері жалпы халықтық формада беріліп, ешкандай өзгеріске түспей қолданылған.

*Қарны тоқ, қайғысы жосқ, жсаны тыныши,*

Малдай-ақ қор-қор ұйықтап ел жатқанда (М.Ж.,228) –

дегенде “*Қарны төк, қайғысы жең*” мақалы Абайдың “Көйлегі көктік, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын” деген мақалға айналған сөзінен алынған. Мағжан оның мағынасын ғана сактап, жаңаша түрлендіріп қолданған.

“*Заман тұлқі болғанда, тазы болмай*”,

Биік қырдан алдағы аса алмаспыш! (М.Ж.,28).

Бұл халық тіліндегі “*Заман тұлқі болғанда, тазы бол шал*” деген мақал, Мағжан соңғы “*шал*” компонентін түсіріп, “*бол*” көмекші етістігінің ықшамдалған толық формасын болымсыз түрде келтірген. Етістігі бар мақалға өні айналдырылған “*болмай*” қосылып, стильдік ерекшелік туғызып тұр. Бұл ауыстыруды нақтылықтан саналы түрде өзгеріссіз ауытқу деп түсіну керек. Көнті құртқан “тұлқі заманға тазы бол шал” деп тұра айтпай, “тазы болмай” деп болымсыздық форманы ауыспалы осы шақта айтуда да мән бар сиякты. Осы мақалды Мағжан тағы бір өлеңінде пайдаланған:

“*Заман - тұлқі, тазы бол,*

Базарша дүкен құр енді (М.Ж.,67).

Мұнда ақын “заман - тұлқі” деп бір-ақ сөзben анықтама беріп, тек “тазы бол” деп ұрандап кеткен. Сөйтіп, бірінші компонентіндегі етістіктің түсуі лексикалық ықшамдауға жатады, ал екінші компонентке “бол” етістігін ғана алып қайталанбайтын сыңарды қойып, мақалды ықшамдаған.

Ал:

Жүрген жаннның артында ізі қалар,

Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.

Бір бай өлсе, төрт тұлік малы қалар,

Шешен өлсе, артында сөзі қалар! (М.Ж.,22) –

дегенде халықтық қолданыстағы “*Оқығаннан хат қалар, үсталардан зат қалар*” мақал-мәтелдің мағынасы кеңейтілген.

Сондай-ақ “Жатыр”, “Тұн еді” өлеңдерінде “*Әйел құны – бес байтал*” деген мәтелді қыздары мал орнына пайдаланған қоғамның сұркиялығын әшкерелеу үшін қолданса, “*Әткен күн*” өлеңінде “*Есімханның ескі жолы, Қасым ханының қасқа жолы*” деген мақалдың мағынасын ғана сактаған. “*Қазағым*” өлеңінде үш мақал қолданған, “*Ауыл болсаң – қоғам бол*” деген мақал өзгертілмей, “*Көп түкірсе – көл*” мақалы ағаризм түрінде, “*Заманың тұлқі болса, тазы бол шал*” деген мақал айттар ойдың қорытындысы ретінде алынған. “*Ф-та*” өлеңінде “*дүшпан күле кіріп, күнірене шығады*” деген мақалдың мән-мағынасын өзінің басындағы сәтсіз жайға қаратып қолданады, достың да дүшпаны болады деп, “*дүшпан*” сөзінің мағынасын кеңейтеді.

“*Туған жер*” өлеңінде “*Адам басы – алла добы*” деген мақалдың мән-мағынасының дұрыстығын құптайды.

Ақын мақал-мәтелді шешендік сөздерде де қолданған. “*Өнер- білім қайтсе табылар*” өлеңінде сегіз мақал-мәтелдің элементі кездеседі. Олардың қайсібірінің сөз сыңарлары сол күйінде, қайсібір сыңарлары карсы мәнде алынған, енді біреулерінің мағынасы сакталған. Өлеңде шешендік өнердің ықпалы бар. Бұдан ақын өлеңіндегі өр сөздің түп-төркінің мақал-мәтелдерден

іздеп отырды деуге болмайды. Бұл – Мағжанның сөздік қорының ғаламат мол болғандығына даусыз дәлел. Мағжанның “күшті” ақын болуының басты бір себебі осында.

Ауыз әдебиетіндегі “Иә, құдай оңдасын, Қызыр иен қолдасын” деп келетін бата сөздерін, Мағжан өзгертіп қолданған. Мәселен, “Ата, бата” өлеңінде мектепке барған немересі Мәриям атасынан бата сұрайды. Оның талабына қуанған атасы “ғалым бол!” деп бата береді. Бұл – білімнің қажеттігін халыққа насхаттаудан туған оң бата. “Бір биге” өлеңінде елден пара алып, әділ билік құрмай құлқының құлы болған бидін қарекетіне наразы болып, “тамұқта мәңгі күйіңіз” деп қарғыс түрінде теріс бата береді. Қарғыстардың бірдей орындала бермейтінін “Тұн еді” өлеңінде анғартса, “Шолпы” – таза әдеби тілмен жазылған өлең. Солай болса да, фольклордан ауықсан қарғыстың ізі бар. Ақын оны зілсіз өзіл түрінде келтіреді: “Күлпара талқан боп сыңғыр!”, “Сұлу қыз санадан солғыр!” сөздерінде салмак жоқ, тек “мені ойлап мазан кетсін, маған ғашық бол” деген жігіттің менмендік ішкі тілегін анғартады.

Мағжан тілінде мағыналық реңктері біртекtes немесе тақырыптас келген сөздер де бар. Қазақ халқының іс-әрекетсіз тегіс “жатқан күйін” бейнелейтін “Жатыр” өлеңінде: *шіріп жатыр, іріп жатыр, солып жатыр, бітіп жатыр, қалқып жатыр, құрып жатыр, сорып жатыр, ұрып жатыр, согып жатыр* етістіктері жағымсыз эмоция тудыратын іс-әрекеттерді атайды. Бұлар айтылмақ ойды әсерлі етіп, текст түзуші қызмет те аткарып тұр. Сондай-ақ Мағжан шығармаларында бір тақырып төнірегінде шоғырланған сөздер де кездеседі. Мысалы, “*оку оқы, босқа жүрме, онер құган, онер-білім*” сияқты сөздер “оку, білім” тақырыбын құрайды, “*сөз, ән, көсем, шешен*” тәрізділер поэзия тақырыбын қамтыған.

Ақын шеберлігінің көрінетін келесі бір тұсы – *синонимдердің* қолданысы. Автор тілін әрлендірудің тұракты ғұл тәсілі сөздің мағынасы мен экспрессиясын күштейтеді. Мағжан синонимдерді өлеңнің бір жолында катар келгіріп қолданады:

Шетке *даңқы, атагы* асып кеткенде,  
Қарсы болар ауылында ағалар (М.Ж.,82).

немесе:

Кор болды ғой қалың *қайрат*, есіл *күш!*  
Абактыда қолдан келер қандай іс? (М.Ж.,124).

Синоним сөздер осылай бірін-бірі үстемелеп, айтылмақ ойды күштейтіп тұр

Сондай-ақ Мағжанда синонимдік катарларды бір тармакта ғана емес, катар тармактарда да қолдану бар:

Зор *тәңірі*, күштің сен, сенеміз біз,  
Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.  
Ез құлың өзі еңіретпес тұра ие деп,  
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.

Ауыздан *Алла* атыңды тастамаймыз,  
Алласызы ешбір іске бастамаймыз.  
“Әділ хан, бұйрығына бойысындық,” – деп ,  
Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз (М.Ж.,68-69).

Қатар тұрған төрт жолда *тәңірі* мен *алла* сөздерінен синонимдік қатар түзіп, әрі өлеңді құбылтқан, әрі оның әсерін күшейткен. Сонымен бірге *алла*, *тәңірі*, *жасаган* сиякты сөздер мағыналық ренк айырмашылыктары жоққа тән “таза” синоним сөздерді белгілі бір стильдік мақсатта да қолданған:

Талапсыз, бақсыз мен сорлы,  
Бір ісім онға бармаған.  
Мен не жаздым оғұрлы,  
*Тәңірі* мұнша қарғаған?

Талпындым, тұстім ізіне,  
Оңалмады бір ісім.  
Қарамай құлың жүзіне,  
Көрсеттің, *алла*, сен қысым.

Білім іздел сусаған,  
Жылайды пенден алдында.  
Мейірі кең, *жасаган*,  
Құр алақан калдым ба?.. (М.Ж.,35).

Мұнда біріншіден , бір сөзді қайталамау үшін бір тармақта *тәңірі*, екіншіде *алла*, келесіде *жасаган* сөздерін жұмсаған, екіншіден, синонимдер жарыспасы тек бір стильдік жүкті емес, екінші мақсатты да көздел тұрған сиякты, өйткені әдетте “*мейірі кең тәңірі*”, “*мейірі кең алла*” дегеннен гөрі “*мейірі кең, жасаган*” тіркесі жиі қолданылады.

Ақын тілінде синонимдер сөз табының барлық түрінен жасалған. Соның ішінде етістік синонимдік қатар түзуге оған қымыл-әрекетті суреттеу жағынан да, мағына жағынан да өте икемді. Мағжанда етістіктен болған синонимдер болымсыз тұлғада, жіктік жалғауының екінші жағында кенздеседі:

*Кідірме, аялдама*, алға ұмтыл,  
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме (М.Ж.,32)

немесе:

Өтер жылдар – *улғаярсың, өсерсің*,  
Өмір – көпір, қалайда оны кешерсін (М.Ж.,115).

Осылай, *синоним* сөздерді Мағжан шығармаларында бір сөзді қайталамау сиякты қарапайым шеберлік үшін де, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару үшін де, белгілі бір стильдік мақсат үшін де синонимдік қатарларды талған, тандап өте шебер пайдаланған.

Мағжан Жұмабаев туындаларында синониммен қатар жиі қолданылып, ақын “көдесіне” жарай алатын құралдардың бірі – *антонимдер*. Қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарды, адамның сан алуан қасиеттерін карама-

карсы бейнелейтін әрі поэтикалық қызмет атқара алатын құралдардың бірі – мағыналары қарама-қарсы сөздер:

Күн алтын жан-жағына сөуле шашты,  
**Жарық** пен **қараңғылық** араласты (М.Ж.,40).

немесе:

Откен іске – салауат, күтіп қалдық:  
Откір қымыл, **ескі** үміт, **жаса** күшпен (М.Ж.,63).

Мағжан тілінде адам психологиясын танытуда, табиғаттың сан алуан құбылыстарын суреттеуде зат есімді, сын есімді антонимдерді жиі үшіншіліктердің міндеттесін анықтауда ойдан береді. Мәселен: “**Күн мен түн, жер мен кок, жарық пен қараңғылық, жақсы мен жаман**” және тағы басқа.

Мағжанда етістік тұлғалы антонимдер әр түрлі формада келіп, баяндау, суреттеу қызметінде жүмсалған:

Денені **ысытасың, сұытасың**,  
Тұрасын маужыратып кейде жылдытып (М.Ж.,18).

немесе:

Ең соңғы көрісуім бақшада еді,  
Қыс болды, бақша да **олді**, гүлдер **солды** (М.Ж.,97).

Етістік тұлғалы антонимдер түбір күйінде, болымсыз етістік түрінде, шартты рай тұлғасында, жіктелген формада кездеседі. Айтылатын ойдың сипатына қарай антоним сөздер көбінде катар алынған.

Фразеологиялық тіркестер – түркі, оның ішінде казак тілінде ертеден бар құбылыс.

Мағжан шығармаларында оны ұтымды пайдаланған. Ақын қолданған фразеологизмдер бейнелі әрі мәнерлі болуымен қатар, өлеңнің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттырып тұр. Тұракты сөз тіркестеріне тән негізгі касиет – бейнелілік. Олай болса, ақын бейнелі сөз орамдарын орнын тауып нактылы, дәл қолданған. Мағжан жалпыхалықтық фразеологизмді үшкырлықпен жүмсаған және авторлық өндөумен фразеологизмдерді өзгертіп те қолданғанын байқаймыз.

Ақын қолданған фразеологизмдердің басым көпшілігі әдеби тіл қазынасынан алынып, жалпытілдік топ құрайды: **қара шаңырақ, қалың ел, қызыл тіл, козді ашып жүрганиша, су жүрек, тас бауыр** және тағы басқалары.

Көркем әдебисте, әсіресе өлең тілінде әр түрлі қажеттіліктен фразеологизмдердің құрылымдық не мағыналық жағынан өзгеріске түсуге кезедеседі. Ондай өзгерістердің, әрине, себебі де болады. Ол стиль, косымша мағыналық реңк үстеген қажеттінен туындейды.

Қазақ тілінде “**санамен саргаю**” деген фразеологизм бар. Ол “кайғылы ой азабына түсті” – деген мағынада қолданылады (КТФС,452). Осы фразеологизмді Мағжан:

Сені бүйткен бейбактың,  
**Санаған жүзі саргайсын!**.. (М.Ж.,25) –

деп қолданған. Бұл фразеологизмнің мағынасын толық сактай отыра, ақын жай баяндаудан оны императив (бүйрек) түріне ауыстырып, қарғыс ретінде қолданған. Сол арқылы оған экспрессивті-эмоционалды ренк үстемелеп, мағынасын күштейткен. Бұл авторлық қолданыстың бір жағы болса, екінші жағы – тұлғалық өзгерістер. “Санамен сарғаю” қолданысымен салыстырсақ, мынандай өзгерістерді көруге болады:

- 1) “санаменен” – “санадан”;
- 2) “жүзі” – о бастағы номинативтік тұлғада жоқ сөз;
- 3) “сарғаю” – “сарғайсын!” – бүйрек рай формасында беріп, қарғыс, карғау түрінде жұмсалған.

Мағжанда *алма бет* фразеологизмі «*алма жұз*» деп берілген, ал Мағжанда бар «*алма ерін*» фразеологизмі-Мағжан қолданысының тағы бір ерекше тұсы, өйткені бұндай қолданыс басқа ақындарда жоқтын қасы. *Жас балапан* – “*жас қырандар - балапан*” деп келеді. Соңғы мысалда:

*Жас қырандар – балапан,*

Жайып канат ұмтылған.

Көздегені көк аспан,

Мен жастарға сенемін! (М.Ж.,63).

*Жас балапан* – нәресте, жас бала мағынасын беретін фразеологизмге “*қыран*” сөзі кіріккен ол – ақын сенімі жай жастарға емес, биікке, асыл армандарға ұмтылған жастарға артылғанын әсерлі етіп беру үшін болған өзгеріс.

Сын есім мен зат есімнен тіркесіп құралған фразеологизмдер Мағжанда жиі ұшырасады. Мағжанның фразеология саласындағы үлкен енбегі – оның соны, жаңа тіркестер ұсынуы деп білеміз. Ол – образды жаңа фразеологизмдер жасап, өзінің сөздік қорын молайтқан ақын . Мысалы, *тарихтың таңы* (жаңа өмір), *коз комілді қыспаққа* (қайғы-қасірет басу), *тұрмыста түшін татпады* (өмірдің ракатын көрмеу). Бұл ақынның авторлық даралығын, өзінлік идиостилін танытады, өйткені бұлар әсері қүшті экспрессоид (әсерсөз) сөздер болып табылады.

Мағжан шеберлігінің байқалатын келесі бір тұсы – мағына жағынан үйлеспейтін сөздердің тіркестіріп, абстракт дерексіз ұғымдарды жандандыру: *кокірегін кокке сауып, оймен мұңдасты, ақыл олді, үміт олді, жер жары, ой дәмі, тілек тозды, қайғылы қыс* тағы басқалары. Мағжан тілінде “*омір – копір, өмір – бұлак, өмір – теңіз, өмір - озен, үміт – шабақ, үміт - от*” сияқты атауыш сөздер де көп ұшырасады:

*Өмір - озен, үміт – шабақ*, ойнаған,

Жел сөзбенен шабақ аулауға ойлаған.

Мен – есалан, мен – нәресте, *үміт – от*,

Жүз күйсе де, кармауын қоймаған (М.Ж.,93).

*Өмір, үміт* сөздері дерексіз, заттық ұғымды білдірсе, *озен, шабақ, от* сөздері заттық мағынадан гөрі анықтауыштық бірліктे айтылған.

Мағжанның өзекті ойларының нәрін көрсететін *акыл, жан, коз, күн, жүрек, от, ой, ес, көңіл*, тәрізді танымдық парасат сөздерді атауға болады.

**Күн** сөзі басқа сөз таптарымен де, зат есіммен де тіркесе отырып, тұра және ауыспалы мағынада қолданылады: *күн ұзак, күндік жер, күн тимеген, күндердің күнінде, күні қаралған*.

Суреткер өз ойын көркем жеткізу үшін стильдік бояуы бар *коп мағыналы* сөздерді де актив қолданып, контекст ішінде бір сөздің бернеше мағынасын ашып береді. Осылай қолданған сөздің бірі – *қара*. Бұл сөзді автор әр түрлі мағынада жүмсал, тұра және ауыспалы мағыналы сөздің сырын ашады. Жалпы, тілде *қара* сөзі өмірдегі кереғар құбылыстарды көрсетіп, адамның алуан түрлі көніл қуйін беруде және табиғат құбылыстарын суреттеуде өте жиі ұшырасатын сөз. Мағжанда бұл сөз келесі тіркестерде қолданылады: *қара жүрек, қара тұн, қара күн, қара жер, қара жылан, қара орман, қара қайғы, қара ағаш, қара су, қара қызы, қара көр, қара тақтай, қара нар, қара көз, қара тас, қара тұмтін, қара бұлт, қара құрт, қара дауыл, қара шаш* тағы басқа. Мағжанда қара сөзінің 45 сөзben еркін тіркесетінін байқаймыз. Бұл сөз тіркестері тұра және ауыспалы мағынада беріліп, өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік өсерін қүшеткен. Бұл сөзді еркін құбылтып пайдалану нәтижесінде де ақынның шығармашылық потенциалы арта түседі. Бұл сөз – тек Мағжандаған емес, Абайдан бастап Сәкен, Қасым, Төлеген және бүгінгі ақындарымыздың қолданысында жүрген мағыналы, бейнелі сөз. Осылайша, біз суреткөр гілінен дәстүр жалғастырын айқын көреміз.

Осылай Мағжан тілінің лексикалық қат-қабаттары әр алуан болып келеді. Соның нәтижесінде сөздердің тіркесу аясын кеніту, сөз мағыналарын жаңғырту, тілді құбылту ақын шеберлігінің биіктігін байкатады.

## 2.3 Морфологиялық ерекшелігі

Қазак тілінде жіктік жалғауының ықшамдалған кейбір формалары бар және олар толық формасымен жарыса әдеби тілде де қоса-қабат колданылады. Мағжан тілінде де солай: *багынам, табынам, жұтам, барғам, тугам, жұгам, келем, берем, білеи, құлем, қүңіренем, жұтам* т.б. Жіктік жалғауының осындай ықшамдалған түрі ауызекі тілде қалыптасып, ертеден жеткен құбылыс. Мағжанда ықшамдаудың бірнеше түрі кездеседі:

Біріншіден, **-ған, -ғен, -кан, -кен** есімше формасымен тығыз байланысты: *барғам, шыққам, тарқам, ұшытқам, толғанам, жұгам, тугам* т.б.

Екіншіден, көсемше **-а, -е, -й** формалы ықшамдалу үлгісі: *құшам, ішем, айтам, жұтам, құштам, келем, берем, болам, білем, келем, құлем, тірілем, көрем* т.б.

Үшіншіден, шартты раймен байланыса ықшамдалған жіктік жалғауы: *қалсам, қуансам, қайғырсам, құлсем, жыласам, тартсам, құласам, ұшсам, жатсам, тұрсам, болсам, тұрсам*.

Бұндай ықшамдалуға жіктік жалғауының екпін қабылдамауы себеп те негіз болған.

Мағжан тілінде ұшырасатын *қайғырман, іздемен, бермен, қараман* сөздеріндегі **-ман, -мен**, формасын зерттеушілер ауыспалы осы (келер) шақтың **-ма-й-мын, -ме-й-мін** болымсыз тұлғасының I-жак түрінің кыскарған варианты деп көрсетеді. М.Балақаев: “Болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының бірі I жакта **ма-й-мын** болуы грамматикалық норма. Сонымен қатар ол ауытқап **-ман** түрінде де жұмсалады. Грамматикалық тұлғасының негізгі нормадан өзгеше болып ауытқуы бұл арада занды: **-ман** (басқа вариантары да) тұлғасы осындайда **-май, -мын** косымшалары орнына жұмсалғанда, ерекше стильдік қызмет аткарады: егер *қайғырмаймын, іздемеймін, бермеймін, қарамаймын* жай болымсыздық хабар болса, *қайғырман, іздемен, бермен, қараман* деген істі істеуден үзілді кесілді бас тартқандыкты білдіреді” [14,58].

Ауызекі сөзде, әдебиеттегі кейіпкерлер тілінде, өлеңді сөздерде колданылатын **-тұғын** формасы – көнеден жеткен белгі.

М.Томановтың пікірінше, **-тұғын, -тын** формаларының қалыптасуы алғашқы түріндегі **тұрган** етістігі екпін тұспеудің салдарынан өзінен бұрынғы негізгі етістіктің грамматикалық тұлғасына айналған [12,106].

Е.Жанпейісов: “**-тұғын** есім сөзі ретінде Октябрь алдындағы прозалық шығармалар тілінде септеліп те, тәуелденіп те жұмсалады (болатұғынын, ойлайтұғыны т.б.)” – дейді. Бұл тұлға Мағжанда да кездеседі: “Жау!”-десе **жаттайтұғын** батыр Баян”, “**Жейтұғын** өз күшігін болым бөрі”, “**шагатұғын шекемді, сен екенсің, көрейін!**..” (М.Ж.,235,242,272).

Мағжаннан кейінгі қазак әдеби тілінде нормасында бұл форманың біртебірте жойылу процесі байқалады. Оның орнына ықшам тұлғасы казіргі есімшениң (ауыспалы келер шақ) жүрнағына айналған **-тын/-тін** көбірек пайдаланылады. Е.Жанпейісов “**-тұғын** формасының орнына казіргі әдеби

тілімізде –**атын** тұлғасы субстантивтіп те, атрибут орнына да, шактық мағынасында да – барінде қатар аралас жұмсалып отырады,” – дейді[23,99].

И.Ильминский, П.Мелиоранскийдің пікірінше де бұл форма **тұрған** дегеннен ықшамдалып барып, жүрнакқа айналған.

**-а, -е, -й** аффикстері көсемшениң **тұр** деген көмекші етістігімен тіркесе күрделеніп колданып, көмекші компонентінің есімше формасымен (**тұр – ған**) кірігіп кетеді де, есімшениң **–атын, -етін, -йтін, -йтін** аффиксінің жасалуына негіз болады. Мысалы, **бара тұрған** айтыла келе **баратұрған**, келе-кеle **баратын** болып қалыптасқан. Мағжан шығармаларында **–тұғын** формасының осындай жолмен қалыптасуы кездеседі де, ауыспалы келер шақ және болымсыз етістік жасайтын жүрнектар **–ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** арқылы ауыспалы келер шақтың болымсыздық түрін жасайды: **жастайтұғын, өлмейтұғын, қайттайтұғын**.

Мағжанда ерекше көзге түсетін тұлға **–ып, -іп, -п** жүрнақты көсемше. Бұл тұлғаның іс-әрекеттің амалын, сынын жай да, бейнелеп те беретін қасиеті бар. Сонымен бірге, қимылдың қарқынын, яғни динамикасын да білдіруге бейім. Ақын тіліндегі осы тұлғаның соңғы қасиеті аса ерекше: **күркіреп, жарқылдан, бүркылдан, ғүрілден, аласұрып, долданып, гулеп, осқырып, ысқырып** сияқты экспрессивті **–ып\іп\п** көсемшелі тұлғалар ең жиі колданыс тапқан. Бұл – Мағжан тілінде бірден көзге түсетін белгі.

Ақын тілінде **жазғытұрым, жазғытұры** сияқты ықшамдалған вариантар да кездеседі: **жаз+ғы//тұр+ғы (жаз-ғы)** сөзі мезгіл мағыналы зат есім, (**тұр+ғы**) етістік **–ғы** жүрнағының көмегімен адъективтену үрдісі арқылы сын есімге айналған, **жаз+ғы (тұр+ғы)** сөздері **кез//уақыт** сөздерімен бара бар мәтінге ынғайына байланысты қолданылады да (адвербиалданып) мезгіл үстеуге айналады. **Тұрғы, тұрым** сөздері жеке тұрғанда қолданылмайды. Тек қана мезгіл ұғымына байланысты сөздермен тіркеседі. Қосарлану, бірігу арқылы сөз жасауға тұртқі болады.

А.Ысқақов, Ә.Тәлеуов көбіне **–ғы** жүрнағының функциясы туралы есім сөзге тіркесетінін айтады да, тұбір етістікпен сөз жасау қабілетін ескермейді. А.Ибатов **қы, -ғы, -кі, -ті** аффикстерінің тарихи қалыптасуын айткым, көргім сөздерінің құрамындағы **–қы, -ті** тұлғалары арқылы дәлелдейді де айткы, көргі сияқты колданыс ешбір жерде еленбейтінін, алтын Орда дәуірінде **-ғұ, -ғұ** аффиксі арқылы сөз жасалғанын айтады. Ал Мәшһұр-Жүсіп шығармаларын зерттеуші А.Қ.Тұрышев ақын шығармасында кездесетін осы тұлға туралы: “**Тұрым** тұлғасына қарай **тұр** етістігінен **–ы(м)-ым** сын есім тудыруышы жүрнақ болып есептеледі. **Жазғытұры (-м)** сөзінде **–м** түсіп қалып ықшамдалған күйі берілген. Қазір бұндай колданыс жоқ, көнеліп кеткен форма болып табылады да **жазғы** сөзімен кірігіп кеткен түрінде ғана қолданылады. Бұндай құрылыш қазак тіліне тән құрылым емес. **Тұры//құні** сөзімен алмаса алады. Ал **құн** сөзі нақты уақытты көрсетеді.” – дейді[15,148]

Сонымен бірге Тұрышев А.Қ. **жазғытұрым** мен **кешқұрым** сөздерінің арасында семантикалық байланыс бар екенін айтады.

Мағжанда сөйлеу тілінің бірер элементтері де кездеседі. Етістіктердің ладыбысына аяқталатын бүйрық рай тұрі, олардың ішінде: **болып-боп**, **келіп-кеп**, **алып-ап**, **салып-сап**, **қалып-қап**, **жөнеліп-жөнеп** етістіктері редукциялық өзгеріске түседі. Мағжанда редукцияға түскен ап, қап, боп, кеп тәрізді көсемшелері. Біздің байқауымызша, **келіп** етістігінің **кеп** түрінде айтылуы, **болып** етістігінің **боп** түрінде айтылуынан сирегірек кездеседі. Сөйтіп, Е.Жанпейісовтің көрсетуінше, “сөйлеу тілінің элементі көркем әдебиет тілінде әдейі қолданылады, яғни белгілі бір көркемдік функция атқару үшін жұмсалады” [16,148].

### 3. МАҒЖАН ЖУМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАСЫ

Тіл білімінің жаңа да дербес саласы этнолингвистика «этнос», «этнос болмысы», «этнос тілі», не «тіл әлемі» деген ұғымдарға ерекше мән бергендей, бұл бөлімде Мағжан шығармаларының тіл арқылы қазақ халқының болмысын танып-білу көзделген.

Р.Г. Ахметьяновтың пікірінше, этномәдениет лексикасына, біріншіден, табиғат құбылыстарының атауы, екіншіден, материалдық мәдениеттің лексикасы, үшіншіден, рухани мәдениеттің лексикасы жатады.

Заттық элементтердің өзіндік құнын заттық мәдениет құрса, заттық еместі-рухани мәдениет құрады. Бірақ, олардың бөлінуі шартты, өйткені өмірде бір-бірімен тығыз байланыста болып, өзара араласып тұрады.

Заттық мәдениетке адамның материалдық қажетін өтеу үшін өзі жасап, тұтынатын киім- кешегі, үй- жайы, қару- жарағы, ыдыс- аяғы, тағамы, зергерлік бүйімдары, яғни еңбек мәдениеті, заттық өндіріс, тұрмыс мәдениеті енеді.

Рухани мәдениет адамның талғамына байланысты дамыды. Ол өзінің құрамдас бөлігі ретінде эстетика мен этика нормаларын қабылдауға мәжбүр болды. Мораль нормасы ретінде эстетика мен этика адамның рухани сипатын анықтады.

Рухани мәдениет лексикасына туыстық терминдер, адамның рухани өміріне байланысты лексика(музыка, өнер, ойын- сауық), білім және тәрбиеге байланысты лексика, адамның қоғамдық байланыс жүйесін және құндылыктарын мінездейтін лексика, мифологияға, фольклорға, әдет- ғұрыпқа жататын лексика кіреді.

Этностиң рухани- материалдық мәдениетіне қатысты лексиканы талдап, зерделеу халықтың тарихы мен тілін, әдет- ғұрыптың, ұлттық менталитетін түсіну үшін, халықпен бірге жасасып келе жатқан этнографиялық дүниеліктердің тұтынудан қалып, қолжаныстан шығып қалмауы үшін керек.

Мағжан шығармалары- қазақ халқының асыл тіл қазынасын бере алатын туындылар болғандықтан, онда этностиң болмыс- тіршілігінің, мәдениетінің сырын аша алатын этномәдени лексика барышылық. Ақын шығармашылығында бір ғана этнолингвистикалық құбылыс аясындағы тілдік дерек, көріністердің өзі мол шоғыр құрайды. Бұл бөлімде біз осы айтылған ой-пікірімізді дәлелдеу үшін ақынның шығармаларында ұшырайтын жекеленген этнолингвистикалық құбылыстарға назар аударамыз, Мағжан тілінің осы бір ғажайып тұсын талдап , оны сөйлейтуге тырысамыз.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың ғылыми – теориялық алғышарттарын белгілеген ғалым Ә.Т.Қайдар айтқандай: «Ұмыт болып бара жатқан тіл фактілерінің «ізіне түсіп» , лексикалық қордың қойнау – қатпарларын іздең тауып , тұп – тамырымен қопарып , түбегейлі айқындауға» талпынамыз[17,22].

### 3.1 Заттық мәдениет лексикасы

Мағжанда «Жатыр»өлеңінде тұрмыс-салт атауына жататын **барымта** сөзі көрініс тапқан. **Барымта** –жауласқан елдің немесе жеке адамдардың бір-бірінен зорлап мал айдал әкетуі (АТС.,110). Қазак тілінде барымта сөзі **қарымта, сырымта** сөздерімен де қосарланып айтылады. Өзара тұлғалас, дыбыстық жағынан да жақын құрамдас бүл сөздердің мағынасы мынандай:

Карымта (зат)-еткен еңбек, жасаған жақсылық, қылған қиянаты үшін қайтарылатын сөз.

Сырымта(зат)-қарымта қайтару, жасырын жолмен есесін алу әрекеті.

Тілімізде бүл үш лексема мына сияқты мақалда көрініс тапқан: **«Берсе барымта, бермесе, сырымта».**

Сонымен **барымта** жәбірленуші адамның есесін алу үшін қарсы жақтан кек қайтару, ақы өндіру әрекеті болса, қарымта лексемасы да мұнымен мағиналас, синонимдес .

Ғалым Р.Сыздықова: «Біріншіден, барымтаға кектеніп жауласқан сайын бара бермейді, екіншіден, ол руладар арасында ғана емес, адамдар арасында да болған акт»[18,55], -дейді.

Зерттеушілер барымта сөзінің шығу тегін сөз еткенде, оның монгол тілінен екендігін айтады. Ж.Болатов оны монголдың «негіз, факт, себеп, дәлел» мағынасындағы **баримт** сөзімен байланыстырып баримт түркі тілдерінің артикуляциялық базасына сай барымта болып өзгергенін және оның мағынасында абстрактылану пайда болғанын айтады. Б.Бұхатұлы барымта лексемасын реестр сөз етіп алғып, оны монголша барьцаа, данж деп түсіндіреді. Әйткені барьцаа барымталық, кепілдік, барымталыққа алу, кепілдікке алу дегенді білдіреді. Р.Сыздықова да осы пікірді қостайды.

Э.Севортян «Самовольный захват скота и другого имущества и обидчика с целью удовлетворения за нанесенную обиду или причиненный материальный ущерб»(ЭСТЯ,72-73), -деп барымта сөзіне анықтама беріп, сонымен бірге Рамstedтің барымта-ұстау, «хватать»мағынасын білдіретін **bari** етістігінен жасалады деген пікірін қолдайтындығын айтады.

Осыған байланысты Р.Сыздықова мынандай дерек келтіреді: 1897 жылы Орынборда шықкан қазақша-орысша сөздікте «зорлап алынған не ұрланған малдың немесе басқа да көрсетілген жәбірдің есесін қайтару үшін жәбірленушінің қарсы жақтың малын өз үйғарымымен айдал алғып кетуі»[18, 55] Көріп отырғанымыздай, әр кезеңде барымта актісінің сипаты өзгеруіне байланысты, бүл сөздің мағынасы да өзгеріп отырғанға ұқсайды.

Қазақ тіліндегі **сырымта** сөзі үнемі **барымта** лексемасымен қабаттаса, тек соның қатарында жарыса қолданылады. **Барымта** тілімізде **сырымта** сөзінсіз жеке де қолданыла береді, ал **сырымта** олай емес, оның қолданылу аясы тар. Ол **барымта** сөзі бар жерде ғана қолданылады.

Мағжанда кездесетін **шаңырақ** лексемасын қазақ ұғымында ерекше сипаты бар. Киіз үй және жалпы баспаңа бүкіл әлем моделі ретінде ерекше символдық мәнге ие. «**Шаңырағың биік болсын**» деу осыдан шыққан.

Қазак шаңырақты қасиетті санаған. Ол атадан балаға мұраға қалдырылып отырылған. Шаңырак арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ата-бабалар рухы, күші жағасады деседі. Киіз үйдін басқа бөлшектері тозса, оларды жаңартады, ал шаңырақты сақтайды. Сонымен қатар шаңырақ берекені, бірлікті де білдіреді.

Зерттеушілер шаңырақ сөзінің түпкі тегін монғол тілімен байланыстырады. Жазба монғол тілінде «чағарығ», қазіргі монғол тілінде «цагариг», буряттарда- «сахариг» тұлғалары біздегі «шенбер», «құрсау» орнына жұмсалады(ССТМЯ.,2-т.,378).

Бұған қатысты тілдік деректер: *қара шаңырақ, шаңырақ көтерді, шаңырагы құлады, шаңырагы шайқалды немесе шаңырақтай, шаңырақтас, шаңыракшы, шаңырақшалай т.б.*

Материалдық мәдениетке қатысты ер-тұрман, қару-жарақ атауларынан Мағжандада бар *қамиши* сөзі қазақта ер-азаматпен бірге аталады. *Қамиши*-халық ұғымында қажетті бұйым, ежелден қолданылып келе жатқан құрал. Бұл сөздін төркінін түркі тілдерінің өзінен табамыз. Жалпы қамшы сөзі атау болудан бұрын етістік қызметін атқарған. Оны чуваш, тува сияқты тілдер дерегінен білуге болады. Мәселен, қазақ тілімен туыстас тілдердің ең ежелгісі болып саналатын чуваш тілінде «*хамсар*» тұлғалы сөз казақ тіліндегі «*сермеу, сілтейу, кезену*» мағыналарын берсе, тува тілінде ұру, осу етістіктері «*кымчылаар, шыкпышыртаар*» тұлғалары арқылы беріледі (ДТС.,530,564). Бірте-бірте «*қамиши*» сөзі өзінің алғашқы «*сермеу*, «*кезену*», мағыналарынан айрылып, біздің тілімізде атау болып қалыптасқан.

Қамшы өріміне қарай :төрт таспа қамшы, қырғыз өрім қамшы, қырық сегіз таспа қамшы, бас таспа қамшы, сегіз өрім қамшы, қырық өрім қамшы, он екі таспа қамшы, өрме сапты қамшы болып келеді. Қамшы көне дәуірде пайда болған, ол-ат ер-тұрмандарының құрамына енетін бұйым. Оны кейде «ат жүргізгіш» деп те атайды. Ондай қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болып келеді. Қамшы бұлдіргі, сап, алақан және өрімнен тұрады[19,34]. Қамшы сабын тобылғыдан, ыргайдан, тау ешкісі мен ақбөкен мүйіздерінен немесе елік сирағынан жасайды. Оның қолға ұстайтын ұшын былғарымен қаптап, қайыстан бұлдірге тағады. Кейде қамшысабының сыртын түгелдей былғарымен қаптап, күміспен әшекелейді. Сабы күмістелген қамшыны көбінесе әйелдерге арнап жасатады. Ер адамдарға арналған қамшының сабына темірден бауыр салып, қайыс-таспамен немесе жезben орап тастайды. Мұндай қамшыны халық арасында *сарала қамиши* деп атайды[20,33]. Ал *шолақ қамиши* аталатын қамшы- тентекке қолданатын құрал. Оның сабы да, өрімі де қысқа келеді. Бірақ бұзау тіс. Бір сермегенде топырактағы жыланның ізіндей тап қатырады.

Қамшы сөзіне қатысты тілдік единицалар мыналар: *басына қамиши ойнатты, қамиши астына алды, намысқа қамиши басты, қамиши болды, қамиши білемдеді, қамишига қамиши қайтарды, қамиши жеді, қамиши салдырмады, қамиши үйрді* т.б.

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,  
Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды,  
*Дұлыға, қалқан, көбе* қалған ұмыт,

Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды(М.Ж.,240).

**Дұлыға**-туркі-монгол тілдеріне ортақ сөз, өйткені «оқ өтпейтін металдан жасалған бас киім» мағынасындағы **дуулға** сөзі монгол тілінде де бар. Сондай-ақ «**дұлыға қию**» мағынасын беретін **дуулға(x)** етістігі де бар. Қазақ тілінде жаугершілік заманында дұлыға немесе **тұлыға** тұлғасында кездесетін сөз жоғарыда аталғандай батыр киетін «оқ өткізбейтін, яғни металл қапталған бас киім» мағынасын берген. Бір кездерде бас киімнің атауы болған дұлыға сөзі заттың өзі жок болып кеткендіктен, атауы да қолданыстан шыққан. Оның қолданысын тек осылай ақын, жазушылар шығармаларының тілінен ғана кезіктіруге болады.

**Көбе-**ерте кездегі батырлар киген сауыт, темір қаптама(КТТС.,82). Батырлар киетін бұл сауыттың екі түрі болған: бірі-жүректің тұсын, білекті, тізені, иықты, садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт, екіншісі-бүкіл денені корғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мысты қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі. Кейінрек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Батырлар мінетін аттың да арқасы мен жонын, қабырғасы мен мойнын түгелдей жабатын көбелер де жасалған[18,95].

Көбеле қатысты **көбе құйрық, көбесі сөгілді** сияқты қолданыстар бар.

Ұлттық өмірдің айнасы іспетті болып табылатын киім атаулары да Мағжан тілінде молынан ұшырасады:**бөрік, тұмак, тақия, қамзол, шапан** т.б. Солардың кейбіреуіне тоқталсақ.

Қазақ тілінің тусіндірме сөздігінде: «**Бөрік**-елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киім»-, деп берілген(КТТС.,2-т.,427). Көрнекті түркітанушы ғалым Н.К.Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атаудың уәжін **бөрімен** байланыстырады. Э.В.Севортян өз сөздігінде бөрік атауының түрік диалектісінде нақты бас киім мағынасын ғана емес, «**басты жабатын, не басқа байлайтын матаны**» білдіретінін көрсетеді. Сондықтан, бөрік сөзі **бұр-бұру, бұркеу** етістіктерімен де байланысты болуы мүмкін, себебі, монгол тілінде «**бұрәэс-покрышка, покрывало; бұрхәэк-покрыватель, накрывать**».

Бөрік атауына байланысты «**Бөріктінің намысы бар**, «**Бөрікті тастап, бөріден құтылды**» сияқты тілдік бірліктер халықтың ғасырлар бойы жиналған тәжірибесі арқылы қалыптасқан психологиясынан хабардар етеді.

Бөрікті әр түрлі үлгіде қозы, қой, түрлі аң терісінен тігеді. Бөріктің түрмесі кейде жалпақ, кейде жұмыр етіліп жасалады. Ал онтүстік аймақтарда қой терісінен тігілетін, түрмесі үлкен бөрік киеді. Бөріктің неғұрлым жұнді де жыны түрлері Батыс Қазақстан, Атырау жағында жиі кездеседі. Жетісу, Семей, Өскемен жағында жалпақ және биік түрмелі үлгілері көп. Бұрын ақын, әнші, сауыққой салдар мен өнерпаз жастар өте сәнді тігілген шошақ тәбелі құндыз бөрікке үкі тағып киген.

**Тымактың** қазақ тіліндегі қолданысының мәнін ғалымдар: «**Тымак**-очень своеобразный головной убор, характерный, пожалуй, только для казахской одежды. У соседних народов такая форма меховой шапки известна только юго-восточным башкирам(колаксын) и кундровским татарам» деп көрсеткен[21, 71].

Нактылап талдасақ, **тымақ**- әртүрлі аңдар мен мал терілерінен жасалған ерлердің қысқы бас киімі. Осыған орай **сөңсөң**, **қарсақ**, **сусар**, **жекей**, **бұлғын**, **елтірі**, **тұлқі**, **сәлде**, **кедей**, **укілі**, **қайырма**, **шошақ төбе**, **әлім**, **адай**, **арғын**, **қыпшақ төбе**, **найман**, **үйсін** т.б. түрлері бар. Тымақтың жасалу үлгісі әр жердің ерекшелігіне қарай әртүрлі болады. Бұрын қазақ елі қай жүздін, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап тани берген.

Тымақтың бөлшектері **төбе**, **мандаі**, **екі алдыңғы құлақ және артқы етек** болып беске бөлінеді. Тымақтың құлағы мен етегінің төбемен жалғаскан жерін **милық** деп атайды. Аса әшекейлі тымақтың төбе аралықтарын, милығын алтын, құміс оқамен жолақтап әдемілейді. Сөңсөң тымақ, тұлқі тымақты қыста, жекей тымақты жазда киеді. Тымақ пен бөрікті қөбінесе мәриден, елтіріден, сөңсөннен, лақ терісінен, пұшпақтан тағы басқа мал терісінен жасап, барқыт, пұ.иіш, атлас, шұға сиякты маталармен тыстайды, арасына жұн салып сириды.

Қазақ ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының, оның ішінде тымақтың этнолингвистикалық, этномәдениеттанымдық нақты көрінісінің тілдік дәйектелуін ғалым Е. Жанпейісовтің еңбегінен көре-аламыз. Мысалы, **төрт сай қарқаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы** т.б. [22, 165].

**Тымақ** қасиетті бас киім саналады. Оны айырбастауға, аяқ тигізуге болмайды. Жақсы, белгілі кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалдырылып отырған. Ертеде халқымызда «**тымаққа салу**» деген ғұрып болған. Эдегте шала туған сәбиді тымаққа салып өсірген. Оның себебі, шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі белеуге ыңғайлыш. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы, қырық күн кем болса, керегенің қырқыншы басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды.

Тілімізде тымақ атауына қатысты **малма тымақ** (ынжық кісі туралы) ұлттық болмысымыз бер дүниетанымызды көрсететін тұрақты тіркес бар.

**Такия**-жәніл, дөңгелектеп тігілетін бас киім. Ұлттық өрнегіне қарай әр түрлі болады. Такияны бір түсті матадан (сәтен, шұға, барқыт т.б.) көлемін аласа, төбесі төрт сай немесе дөңгелек үшкіл төбелі етіп тігеді. Ерлерге арналған такияның кестелісі де, кестесізі де, қолмен немесе машинамен «таңдай», «ирек», «қабырға» тігістерімен сырылады. Қыздар киетін такиялар жібек, зер жіптермен кестеленіп, моншак, асыл тастармен безендіріледі. Бұларға қосымша казақ және қырғыз қыздарының такияларына үкі тағылады.

Такия сөзінің шығу төркінін **төбелдірік** сөзімен байланыстырып қарастыру бар. Оның себебі-такия «төбе» сөзінен шыққан сиякты. Р. Шойбековтің көрсетуінше «төбелдірік» сәукеленің төбесіндегі тәж сиякты әшекей, бергек». Төбе бастың ең үстіңгі бөлегі, үсті болғандықтан, төбе мен төбелдіріктің әуелгі семантикалық мағынасы **төбе** болған сиякты. Орыс тілінде такия «тюбетейка» деген фонетикалық өзгеріске түскен: төбе-тей-ка, төбе-казақтың төл сөзі,-тей - эмоционалды-экспрессивтік ренде журнақ, -ка – орыс тілінің журнағы [23, 120-121].

Тағам атаулары да – ұлттық мәдениеттің ерекше көрініс беретін саласы. Мағжанда кездесетін *ірімшік, қымыз, қөже, бауырсақ, женіт, қаймақ, май* сияқты халық болмысын көрсететін ұлттық тағам атаулары бар. Солардың ішінен *қымызга токталамыз*. Оның өзіндік себебі де бар:

**Қымыз**- елдің шипалы сусыны, азығы ғана емес, мақтанышы мен салтанаты болған. Бұрынғы заманда ас, той, хан сайлауларында арнайы апаратын сый – сияпат, мырзалықтың да бас белгісі-осы қымыз. Бұл дәстүрдің тілдегі көрінісін *қымызмұрындық, қымызсыра, қымызхана, қымызши, қымызшил, қымызшила, қымызқор* сияқты деген тілдік деректерден көруге болады.

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалы дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен аштылады. Жамбыл атамыз: «Ауруға ем, сауға қуат, дәрі – қымыз»- дегендей, сары қымыз дертке шипа, денеге күш. Қымыз- ерекше дәмді, құнарлы, адамның жан сарайын ашатын хош иісті және өте сінімді сусын. Оның бұлай болу себебі- жылқы жануарының өзіне ғана тән асыл қасиетінен болса керек. Адымы кен, өрісі ұзақ сәйгүлік саңлақтар қазақ даласының кең- байтақ жайлауын емін еркінде, дәмдіден-дәмдіні, коректі мен құнарлыны ғана тереді, өсімдіктің шұрайлысын ғана үзеді.

Қазақтар жыл маусымына **қарай қымызды уыз қымыз, жазғы қымыз, күзгі қымыз, қысқы қымыз** деп атаған.

Мағжанда:

Тұрлі құс әуез қосып, шулаған көл,  
Шуақта балықтарың тулаған көл.  
Сапырып *сары қымыз* ертенді-кеш,  
Басында кеңес құрып, дулаған көл(М.Ж.,25),-

дегендегі *сары қымыз*- жаз ортасындағы, шөп әбден пісіп буыны қатқан кездегі қымыз. Бұл кезде коныс аудару сияқты көшіп- конудан қымыз көп шайқалып, көп пісіледі, ірімтігі жақсы жазылып, ашуы білінбей, қымыздың күші өз бойына сінген сарғылт болады. Қазақтардың тәжірибесі бойынша бұл қымыз өте жұғымды ,шипалық қасиеті мол болады. Мұнымен қатар қыста қысыр билерді қолда ұстап сауып, оны *қысырдың қымызы*, құлық биенің (алғаш құлындаған бие) қымызын қысырақтың қымызы, бұрынғы қымыздың үстіне саумал қосылса, оны *тунемел қымыз* дейді. Осылай дайындау әдісіне, қасиетіне, сапасына және сақталу уақытына байланысты қымызды бірнеше түрге бөледі. Және олардың әр түрін жылқы атауымен атайды:

**Уыз қымыз**- биені алғаш байлап, жаңадан аштылған қою қымыз.

**Бал қымыз** - жылқының сүр қазысын қосып әбден бабына келтіріп пісілген қымыз.

**Құнан қымыз**- екі тұн сақталған, толық ашыған қымыз.

**Дөнен қымыз**-үш тұн сақталған өте күшті қымыз.

**Бесті қымыз**- төрт тұн сақталып ашуы әбден жеткен қымыз.

Дәстүрлі мәдениет салаларының ішінде осы ұлттық тағамдар жүйесі этникалық ерекшелікті берік сақтай алатын компонент болып табылады. «Әйткені тағамның өзгеруі- ұлттың мекендерін отырған табиғи ортасының, шаруашылығының өзгеруі деген сөз. Сайып келгенде, ұлттық тағам мен

коршаған орта этностын антропологиялық сипаттын да қалыптастырады» [24, 26].

Қола дәүірінен келе жатқан өнердің бірі- **зергерлік өнер**. Алтын, күміс, асыл тас және сүйекті пайдаланып, сән- салтанат үшін әшекейлі жиңазды, қыз- келіншіктердің сәндік бұйымдары мен қару- жаракты, сауыт- сайман, ер- тұрманды зерлеу- атадан балаға берілген ұлттық мирас болып табылған. Мағжан ақынның шығармаларында зергерлік бұйымдар атауларынан **жұзік, алқа, шолпы** т.б. бар. Біз солардың ішіндегі **жұзікке** ғана этнолингвистикалық талдау жасаймыз.

**Жұзік-** ежелден келе жатқан заттық бұйым болғандықтан, көне жазба ескерткіштерде ұшырасады. Ұл сөздің көптеген түркі тілдеріне тарағандығы да байкалады. Жұзік сөзінің түбірін А.Б. Сүлейменова, Р.Г.Ахметьянов, Е.Жанпейісов «буынмен» тығыз байланыстырады С.Е.Малов пен А.Габэннің сөздіктерінде жұзік сөзінің бірнеше мағынасы көрсетіледі: йуз-бет; йуз 100 кара; йұз, йуз-материя; йузум- жырту, пәрше- пәршесін шығару; йуза- илмейді(сиырга байланысты) т.б. Сонымен, қолға салатын жұзік атауы «буын» мағынасын білдіретін көне түріктің «йуз»- жұз түбірінен жасалған. Көне түркілік «йуз» лексемасы қазіргі кейбір түркі тілдерінде ғана емес, жекелеген, тіпті финно-угор тілдерінде де кездеседі. Мысалы, тува, хакас, урянхай және сойот тілдеріндегі «чус, йус» пен фин, эстон тілдеріндегі «иәсе, иәсен» буын мағынасында қолданылады. Ал удмуртардың «йоз», комилердің «йозви» зат есімдері буын мәнін ғана емес, сонымен қоса «колена, звено» ұфымдарын да білдіреді. Е.Жанпейісов осы орайда « кіші жұз, орта жұз, ұлы жұз» құрамындағы жұз бен жұзікті бірлікте қарастырады[25,8].

Жұзіктің түрлері сан алуан. Р.Шойбеков жұзіктің **құсмұрын жұзік, құстұмсық** жұзік түрлерін атайды. Жұзіктің үстіңгі бетіне әр түрлі асыл тастардан , түсті шынылардан немесе күмістің өзінен көз, балдақ, отау, құс тұмсық орнатылады. Ұл қосымша мүсіндер жұзіктің үстіңгі жағына дәнекерленеді. Қазақстанның батысы мен онтүстік- батысында **«құдаги жұзік»** деп аталатын өте көлемді және аса сәнді жұзік жасалады. Мұның бауырында екі саусаққа бірдей кигізетіндей қосарланған екі сақинасы болады. Ал, жұзік беті көлемді келеді. Сонымен бірге тас, түсті шыныға қоса, міндетті түрде, алтындалып әсемделеді. Мұның құдаги жұзік атalu себебі де бар. Ол- жаңа түскең келініне аналық мейірім шуағын тәге білген парасатты құдагиларға ғана сыйға тартылатын дәстүрлі сыйлық. Құдаги жұзікті, әдетте, оң қолының ортаңғы екі саусағына кигізгенде, төрт саусақ сыртын түгелге жуық жауып тұрады. Кейін ұл жұзікті көбінесе келіндеріне, не қызының біріне мұра ретінде сыйға тартады[20, 63]. Ұл мәліметтер жұзіктің өзіне тән ерекшелігін айқындайды.

Біз осы бөлімде талдаған киім- кешек, тағам, зергерлік бұйым атаулары ұлт, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы іспетті. Оларды шашаусыз жиып, болашаққа сақтап жеткізу-игілікті іс, өйткені рухани-материалдық мәдениет үлгілері-ұрпақ үшін кымбат қазына, ата-бабаларымыздың төл болмысының бүгінде кейбір ұмыт болған мәдени өмірінің ақиқат белгісі.

Әрбір атаудың астарында ұғым тұрады, ал ұғым, зат я құбылыстар жөнінде деректер пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Демек, атальным-ұғым-ұлттық ойлау мен танымның көрінісі.

### 3.2 Рухани мәдениеттегі лексикасы

Мағжанда кездесетін:

«Бес байтал-әйел құны»-деген бір сөз,

Қармаққа талай жасты іліп жатыр(М.Ж.,15),-

дегенде «**байтал**» сөзінің өлшем үғымына қатысы айқын көрінеді.Бұл сөз есептік санмен тіркесіп келіп,белгілі бір өлшемдік үғымды білдіреді.

**«Байтал»** зат есімінің бұлай нумеративтік термин ретінде қазак тұрмысында ертеде жиі қолданғанын мына бір деректерден де көруге де болады дейді: «Қалың мал төлеуде,құн мен салық өтеуде қолданылатын байтал өлшемі бар.Жұз қой-25 байтал,қысырақтың үйірі-25,жүйрік немесе жорға-15,кейде-25 байтал,боталы түйе-10 байтал,атаң түйе-15,бие-5, бұзаулы сиыр-5, төрт қой-1, жамбы-15 байталға тең деген өлшемдер бар»[25 ,188].

Салт-дәстүр- рухани мәдениеттің аспектісі болғандықтан, Мағжан тілінде қолданылған кейбір салт- дәстүр атауларына тоқталамыз.

Қазақ халқының сөздің құдірет күшіне деген сенімін **батадан** көруге болады.Мағжан «Ата, бата» өлеңінде немересі Марияш:

«Ата, бата!»- дегенде,  
Атасы:  
«Құлым бата дейді ғой!»  
«Бата!»- десен, қарт атаң  
Айналсын сендей ботасын!  
Оқы, құлым, ғалым бол,  
Атаң берді батасын! (М.Ж.,202),-

деп оның талабына қуанған атасы «ғалым бол!» деп бата береді.

«Сөз арқылы жаратушыға жалынып, жалбарынып ықпал етуге болады» деп түсінген ата- бабаларымыз **«Жаңбырменен жер көгереді, батаменен ер көгереді»**, **«Баталы құл арымас»**, **«Көп тілеуі – көл»** деп бата беру , бата алу дәстүрін ұрпактан – ұрпаққа жалғастырып отырған . Әсіресе феодалдық қоғамда діни наным – сенім күшті етек алып түрған кезде «бата – тілек құдайдың құлағына шалынбай қоймайды, ата – ананы ренжіткен ұл мен қыздың қөсегесі қөгермейді, жолы болмайды , жаманшылыққа үшірайды» деген қағиданы қатты ұстанған . Бұған ауыз әдебиетінің үлгілері дәлел бола алады .

Бата сөздер барлық дерлік түркі- монғол халықтарында кездеседі. Ақ тілеу айтып , бата беру қазактар секілді қыргыз, татар,қарақалпак , монғол, бурят ,саха, алтай халықтарының және тағы басқа көптеген халықтардың ауыз әдебиетінде орын алған, түркі- монғол халықтарының көпшілігінде «алғыс» деп аталады .

Батаның өзіндік мынандай **ерекшеліктері** бар:

1.Бата сөздер кез келген жерде айтыла бермейді.Белгілі бір салтпен байланысты, белгілі бір рәсімнің орындалу барысында айтылады.Мысалы, нәресте дүниеге келгенде, тұсау кескенде, ұлыстың ұлы құнінде, үйлену тойында т.б.

2.Бата беру рәсімін кез келген адам орында майды.Жұртқа беделді, көпті көрген, жолы үлкен, сөзге ұста, қадірлі саналатын батагөй ғана бата беру рәсімін орында дайды.

3.Бата беру рәсімінің өзіндік орындалу тәртібі бар: ақ бата беру кезінде рәсімге қатысу шылар батагөймен бірге алакандарын өздеріне қаратып жайып, бата беру рәсімі біте бере: «Әумин! Айтканыңыз келсін!» деген сияқты бекіту сөздерімен бет сипайды. Ал теріс бата беру кезінде, керісінше батагөй алакандарын теріс қаратып жаяды.

4. Бата беру кезінде батагөй өз атынан ғана емес , дүйім жұрт , алқалы топтың атынан сөйлейді.

5.Бата сөздер өндөтіліп айтылмайды, мәнерленіп тақпақтата, көтерінкі үнмен, өуезбен айтылады.

6.Бата сөздер айтылу мақсаты мен ондағы тілек сөздердің мағынасына қарай екі түрлі: бірі- оң бата немесе ақ бата, екіншісі- теріс бата.

Сонымен бірге бата- өлген адамға бағыштап, тамақтың алды- артынан оқылатын дұға, құранның бірінші сүресінің аты (КТТС.,145).

Бата сөзінің тілдегі көрінісі мынандай: *баталас, батадай, батала, баталы, баталасу* т. б.

Бірінші бөлімде талданған шаңырақ сөзіне байланысты тілімізде *қара шаңырақ* ұғымы бар. Үлкен балалары отау тігіп, бөлек шыққанда ең кенже үл әкесімен бірге қалады. Эке- шешені асырау осы кенже үлдың міндеті. Экесі бар кезінде де, немесе ол қайтыс болғаннан кейін де осы үй «*қара шаңырақ*» деп аталады. Бұл «үлкен үй» деген мағынаны білдіреді. Егер «*қара шаңырақ*» сыйлы адамдардың үйі болса, онда сол ауылдың адамдары алыс сапарға шықса, немесе алыстан адам келсе, сол үйден ырым қылып дәм татады.

Қуанудың, ризалықтың белгісін білдіретін салт- *сүйінші*. Қуанышты хабар жеткізуши адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «калағаныңды ал» деп, сүйінші сұрап үлкен адамға өз ризалығын білдіреді.

Тұыс- туғанға, жекжат- жұрағатқа, құрметті қонаққа арнайы берілетін кәделі етті, яғни мал мүшелерін *сыбага* дейді. Сыбағаны көбінесе соғымға сойылған малдың кәделі мүшелерінен арнайы сақтап жүріп, елейтін адамдар үйге келгенде асады немесе сол елеулі адамдар жыл уақытында келмесе, арнайы сөлемдеме етіп беріп жібереді.

Мағжанда жастарды оку- білімге шақыратын «Балалық шақ» өлеңінде:

Білген жан – көсем!

Сөйлесе – шешен...

Жұртына ол мақтаулы,

*Сыбага* үлкен сақтаулы(М.Ж.,27), -

деп білімді адам өз халқына әрқашан сыйлы, қадірлі болатынын осындай ежелгі салт арқылы түсіндіреді.

Бұл сөздің тілдегі көрінісі мынандай: сыбаға тартты, сыбағалас, сыбағаластық, сыбағалы, сыбағасыз т.б.

Ұлттық рух пен мәдениеттің көрсеткіші болатын ұлттық мұзыка аспантарының атауынан Мағжанда кездесетін *домбыра, қобыз, сыйызғы* сияқты тілдік деректерді талдаймыз.

Тұрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы,  
Тұрғандай қобыз ойнап, әнге салып (М.Ж.,17).

Немесе:

*Қобыздан* мұнды дыбыс сорғалады,  
Майпандаң ә дегенде ойнап, әнге салып (М.Ж.,227).

**Қобыз-** түркі тектес халықтарының бірқатарына ортақ ұлттық музикалық аспап. Ертедегі түркі тілдері сөздігінде «қобы» сөзі «бос», «куыс» мағыналарын берген. Ал якут тілінде осы сөзben түбірлес «ожау» мағынасын беретін «хомуос» сөзі бар. Шынында қобыз- қуыс келген , ожауға ұқсайтын аспап. Осылай қобыз атауының пайда болуы өзінің қалпына байланысты. М. Қашқари заманында бұл сөз «қобуз» деген дыбыстық құрамда қолданған (ДТС.,451).

**Домбыра-** қазақ халқының арасына өте кең тараған қос ішкіті, шертіп ойнайтын аспап. Домбыраның ән сүйемелдеуіне арнаған, күй тартуға арналған түрлері болады. Күйге арналған домбыраның шанағы үлкендеу, мойны ұзын болып келеді.

Шарбат, шараң, бал, сыра,  
*Сырнай, керней, домбыра,*  
Дабыл даң- дұн қағылды,  
Гүжілдеді *қобызы*,  
Безілдеді *сыбызғы*(М.Ж.,275-276).

Сырнайдың *қамыс сырнай, саз сырнай* сияқты түрлері бар. *Қамыс сырнай-* қамыстан жасалған, үрлеп ойнайтын аспап. Соны үрлеу арқылы дыбыс шығарады. *Саз сырнай-* алты тесікті, үрлеп ойнайтын аспап. Саз балшықтан күйдіріліп жасалады. Бетіне өрнек ойылып, ол жыланкөзben өрнектеледі.

Музика аспаптарын жаугершілік заманында халыққа хабар беруге, анды үркіткенде, ән-күйлер орындағанда, бақсылар сарнағанда пайдаланған. Жау шапқанда, елге хабар беру үшін дабыл, дауылпаз, ұран, керней сияқты үрмелі аспалтарды, бақсылар сарнағанда даңғара, асатаяқ, шаңқобыз, әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде домбыра, сыбызғы, сырнай, қыл қобыз тәрізді шекті аспалтарды колданған.

Осы тараудың бірінші бөлімінде талданған қамшы бүйіміна байланысты қазак халқында *қамшыұстар* деген ұғым бар. Ер жетіп қалған ер баланы «қамшыұстар» деп атаған. Өйткені, қамшы-ер азаматтың қаруы, онсыз бірдей-бір азамат жүргемен. Қамшысы бар үйге жын-шайтан жоламайды, ол үйдің иесі бар деп түсінілген. Қамшы ілулі тұрған үйге келген кісі сыпайылық сактап, әдеппен кіреді, әдебімен кетеді. Себебі оны қамшының мысы басады. Ертеректе «үйге қамшыны бүктеп алып, сабына қыжыра қысып ұстап кіру» әдептілікті байқатады деп есептеген. Қорғашы магия мақсатымен қамшыны ауырған адамның басына жастап, не керегенің басына іліп қою сияқты халықта қамшыға байланысты жол-жоралғы баршылық. Осылай қазақ халқының өмірінде қамшының алатын материалдық және рухани орны бар. Әсіресе билердің, шешендердің сөздерінде елшілік, бітім-келісім мәселесінде сөзге тоқтау, мәмлекеге келуде қамшының айтар ойы көп болған. Тіпті, қамшысын кей уақыттарда беріп жіберетін кездері де болған.

*Тұыстық қатынастардың атаулары* да халықтың рухани дүниесінің айнасы іспетті. Дәстүр бойынша азаматтың үш жұрты бар. Олар ағайын, яғни өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Халықта «ағайын жұртың-күншіл, нағашы жұртың-сынышыл, қайын жұртың-міншіл» деген сындарлы сөз бар.

Мағжанда *ага*, *жеңге*, *келін*, *қарындас* тәрізді туыстық этноатаулар кездеседі. *Ага*-бір әке-шешеден туған (немесе туыстың) жасы үлкен жігіт. Оның жолы үлкен деп есептеледі, «ағасы бардың жағасы бар»деу осыдан.

*Женге*-ағаның әйелі. Жасы үлкендер үшін «келін», кішілер үшін «женге» аталатын бұл адамның тәлім-тәрбие үшін орны бөлек. Өзінен кіші қайнылары мен қайынсіzlілері үшін әзіл-қалжыны араласа жүретін женге өте сыйлы. Женге оларды өз атымен атамай, өзінше «ерке бала», «мырза жігіт», «байжеткенім», «Еүлім-кезім» деп ат қояды. Қайны мен сіндірілгенен сыр жасырмай, онымен ақылдасып отырған. Женге қыз берін жігітті таныстыру мен табыстыруда үлкен тәрбиелік қызмет атқарған. Осыдан барып қазакта бар «женгетай» ұғымы қалыптасқан.

Діни наным-сенім-қазақ халқының мәдени мұрасының құрамдас бір бөлігі. Оны Мағжаннан да көруге болады:

Отқа табын, тәнір от,  
Оттан басқа тәнір жок,  
Сөзім-сырдағы алашқа:  
Жаның жасып кірлеген,  
Оғпен аспанға өрлеген,  
Жанынды, алаш, *аласта*... (М.Ж., 165)

*Аластау* дәстүрі әсіреле Орта Азияда кеңінен етек алған. Осыдан барып, Орта Сібір мен Қазан татарларына тараған. Қазақ, қарақалпақ, ноғайларда аластау-ағаш бұтактарын жағып, «тазарту» мәнінде от жағу болған. Осы дәстүрдің біздің күнге жеткені-жәна үйге көшкенде немесе қайтыс болған адамның үйін отпен аластау. Кейбір мұсылман елдерінде қар ери бастағанда, ауылдан жынды куу, аластау, отты ауыстыру, яғни барлық пешті өшіріп, жақадан от жағу сияқты дәстүрі бар.

Сібір татарларында көктемгі салт-дәстүрдің бірі-алас деп аталады. Алау жағу, сол жаңған оттың үстінен секіріп, өту сияқты ойындар жатады. Тазарту ұғымымен түсіндірілген аластың арты жастардың ойынына ұласады. Ал Ш. Үәлиханов: «Ертеде қазактар үлкен жолдың екі жағына жағылған оттың арасымен өздерінің көштерін алып бара жатып: «алас, алас, әр пәледен халас-от, от, тазарт бізді әр пәледен» деп айтқан»-, дейді [27, 548].

Тіл таңбалар жүйесі ғана емес, осы жүйені көмкерген мәдениет, сондықтан да ол-әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Академик Ә. Қайдар: «Мәдениетті танып -білудің құралы-тіл»-, деп тұжырым жасайды [17, 13].

Тіл білімінде тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы он тоғызынышы ғасырдан бастап күні бүгінге дейін өзекті мәселелердің бірі.

Бұл мәселені шешу В. Гумбольдт еңбегінен басталады. Оның негізгі тұжырымдары төмендегідей:

1 Материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді;

- 2.Кез келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді;
- 3.Ұлттық рухтың көрінуі-оның мәдениетінде;
- 4.Тіл-адам мен оны қоршаған әлемді жалғастыруши аралық.

Академик Ә.Қайдар да: «кез келген этностың тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр.Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады»,- дейді[17, 21].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сөз құдіреті арқылы суреткөр тілінің әсемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөзді қиыстырудады ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады. Демек, әрбір қаламгердің шығармашылығын танытудағы негізгі сүйенері-тілі.

Шығарма тілін көркемдігі суреткөрдің сөзді аз, көп қолдануында емес, әр сөзді орнын тауып, көркем жұмсай білуінде, ойдың айқындылығын, дәлдігін беру үшін сөз мағынасын сан сақта құбылтып саптай білуінде.

Шығарма тілін екі түрғыда қарастыруға болады:

1. Белгілі бір кезеңдегі жалпы халық тілінің даму дәрежесін көрсететін материал ретінде;
2. Шығарманың таза көркемдік ерекшелігін, тіл шеберлігін айқындау түрғысында [16, 4].

Мағжанда кездесетін фонетикалық варианттар жуан, жіңішке дауысты дыбыстардың алмасуы арқылы, дауыссыз дыбыстардың с -ш, қ-х дауыссыздардың алмасуы арқылы түзіліп, ақын тілінің фонетикалық ерекшелігін құраған. Ал, етістіктердің ұяң «д» дыбысына аяқталуы да осы өзгешеліктің бірі.

Мағжанның сөз сантау ерекшелігі – ақын тілінің ерекше сипатын айқындастырын белгі. Себебі, ақын әрбір сөзді өз орнында қолданып, оларды бір – бірімен мағыналық тұлғалық үйлесімге түсіріп, бір – бірін толықтыра, көмкере түссе алатын дәрежеге дейін жеткізген.

Мағыналық ренктері бір текстес сөздерді, мақал – мәтелдерді, фразеологиялық тіркестерді қолданса да, синоним, антонимдерді «кәдесіне» жаратса да ақынның өз қолтаңбасы «тайфа танба басқандай».

Ал өз тұсынан соны, жаңа фразеологиялық тіркестер ұсынуы, сөздердің тіркесу аясын көнітуі, сөз мағыналарын жаңғыртып, жандандыруы – Мағжанның лексикология саласындағы үлкен еңбегі деп білеміз.

Мағжаннан кейінгі қазақ әдеби тілінде кейбір көне тұлғаларды қолданудың сирек кездесуі . –ып,-іп,-и жүрнақты көсемшениң ерекше мағынаға ие болуы – ақын Мағжанның морфологиялық ерекшеліктерінің бірден-бірі.

Мағжан әрбір сездің мағына астарында жатқан деректі тамыршыдай тап басып, тани білген. Сондықтан да, оның тілі тек лексикалық байлықтың тіл факторығана емес, этностың тілдегі болмысының, бейнесінің көрінісі де. Ақын шығармаларының тілінен небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, сөйлетуге болады екеніне көзіміз әбден жетті.

Осы түрғыда магистрлік жұмысты орындау барысында төмендегідей нәтиже алынды:

1. М. Жұмабаев туындылары-көркем әдебиет тілінің және сол кезеңдегі әдеби тілдің сипатын танытатын тілдік ерекшеліктері мол көркем дүниелер;
2. Қаламгердің шығармалары-өзіндік фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктері бар көркем мәтін үлгілері;

- 3.Ақын туындылары-жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің бір бөлігі;
- 4.Туындыларының этнолингвистикалық сипаты-өз тұсындағы басқа ақын-жазушылардан ерекшелігі айқын көрінген құбылыс.

Мағжан-қазақ поэзиясының көгінен өз орнын тапқан, өлең өлкесінде өзінің шығармашылық бай зертханасын жасап кеткен озық ойлы дарынымыз.Оның бір айғағы-Мағжан шығармалары тілінің құдіреттілігі уақытпен өз үйлесімін тауып, айшықты, мағыналы да ажарлы сөз өрнектері құні бүгінге дейін өз қуаттылығын жойған жоқ.

Ұлты үшін туған, оны жырымен танытқан Мағжан-сөз құдіреті арқылы ғажап та ғаламат сөз-бейнелер жасаған ұлы тұлға.Ол өзінің таусылмайтын жыр казынасымен, ұтымды қолданған сөз мәнерімен танылды.Ұтқыр ойлар мен құдіретті сөзді Мағжандай ақын ғана бере алады.

## ***Терминдер мен түсінікттер***

**Әдеби тіл** – жалпыхалықтық тілдің жетілген, сұрыпталған, өндөлген, жүйелі нормалары бар тіл. Халықтың белгілі бір дәуір кезеңдеріндегі қоғамдық құбылысы, мәдениетінің өндіріс құралы, соны жеткізудің қоғамдық көрінісі, мәдени туындыларының құралы мен оны іске асырудың амалы.

**Фонетика** (гректің фоне – дыбыс деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған) – тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жасалу жолдарын, тіркесу заңдарын, бір – бірімен қатынасын, сөздің фонетикалық құрылысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

**Лексика** – тілдің сөз байлығын, олардың мағыналарын, сөздік қоры мен құрамын, олардың даму, баю жолдарын қарастыратын тіл ғылымының саласы. Ол тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген мағынада қолданылады.

**Синонимдер** – мағыналары бір – біріне жақын, өзара мәндес сөздер.

**Антонимдер** – мағынасы бір – біріне қарама – қарсы сөздер.

**Морфология** (гректің morphē «форма» + logos «ұғым» деген мағынада қолданылады, яғни сөз және оның формалары дегенді білдіреді) – сөздің грамматикалық құрылысын, сыртқы морфологиялық тұлғасын, олардың грамматикалық мағыналарын зерттейтін ілім.

**Этнолингвистика** – халықтардың этногенезисін, тұрмыс – салтын, әдет – ғұрпын, оның өзге этностармен тарихи – мәдени байланыстарын, ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің саласы.

**Этнос** - өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, ататық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы.

**Этнос болмысы** – этностиң ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық, этностиң сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір-тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, үрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы.

**Тіл әлемі** – этнос болмысына қатысты мындаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі.

### *Қысқартылған атаулар*

- М.Ж. – Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. –Алматы:Жазушы, 1989, -446 б.
- С.Д. – Сәбит Дәнентаев. Ұрпағыма айтарым. -Алматы:Жазушы, 1989,- 304 б.
- Б.ғ.ж. – Бес ғасыр жырлайды. Екінші том. -Алматы:Жазушы, 1998,- 496 б.
- С.Т. – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Романдар, поэмалар, өлеңдер.-Алматы: Атамұра , 2002, 240 б.
- А.Б. – Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. -Алматы:Жалын, 1991, 464 б.
- К.Қ. – “Қызыл Қазақстан” журналы.
- Е.Қ. – “Еңбекші казак” газеті.
- А. – “Айқап” журналы.
- ҚТФС-Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы:Ғылым, 1977,-712 б.
- АТС - Абай тілінің сөздігі. Алматы:Ғылым, 1968,-712 б.
- ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.-Алматы, Ғылым, 2-том, 1976,-695 б.; 3-том, 1978,-735 б.; 4-том, 1979,- 672 б.; 5-том, 1980,- 640 б. ; 6-том, 1982,-624 б.; 7-том, 1983, -672 б.; 8-том, 1985, -591 б.; 9-10 том, 1986, -560,512 б.
- КМС – Қазақша – монголша сөздік.-Уланбатыр, 1977, -342 б.
- ЭСТЯ-Этимологический словарь тюркских языков.- Москва: Наука, 1974, 1980, 72-73 с.
- ССТМЯ – Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков.- Ленинград, 1975,- 378 с.
- ДТС – древнетюркский словарь,- Ленинград, 1969, 451 с.

## ***Пайдаланылған әдебиеттер***

1. Жұмабаев М. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989, -446 б.
2. Бес арыс Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар.- Алматы: Жалын, 1992, -544 б.
3. Тәжібаев Ә. Әмір және поэзия.-Алматы, 1960, -483 б.
4. Тұрышев А.К. Мәшіүр-Жүсіп және әдеби тіл // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2001, 9 Б.34-38.
5. Байтұрсынов А. Ақ жол.-Алматы: Жалын, 1991, -464 б.
6. Кенжебаев Б.ХХ ғасыр басындағы әдебиет.-Алматы: Білім, 1993, -248
7. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1996, -304 бет.
8. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1993, -320 б.
9. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. -Алматы: 1968, -315 б.
10. Исаев С. Қазақстан мерзімді баспасөз тілінің дамуы.- Алматы: Қазақстан, 1983, -240 б.
11. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы: Ана тілі, 1991, -384 б.
12. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер.-Алматы: Ғылым, 2002, -616
13. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі.-Алматы: Санат, 1995, -208 б.
14. Балақаев М. Қазақ тілінің сөз мәдениеті.-Алматы: Қазақстан, 1971, -120
15. Тұрышев А.К. Мәшіүр-Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты. Монография.-Павлодар, 2003, -148 б.
16. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. -Алматы: Ғылым, 1968, -264 б.
17. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.-Алматы: Ана тілі, 1998, -304 б.
18. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді.-Алматы: Санат, 1994, -272 б.
19. Шанырақ.-Алматы, 1989, -568 б.
20. Арғынбаев Ж. Қазақ халқының қол өнері.-Алматы: Өнер, 1987, -210 б.
21. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда --. Алматы, 1993, -180 с.
22. Жанпейісов Е. М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясының тілі. - Алматы: Ғылым, 1976, -165 б.
23. Тұрышев А.К. Мәшіүр-Жүсіп Көпееев шығармаларының этномәдени лексикасы. Монография.-Павлодар, 2004, -465 б.
24. Алеексева Т.Н. Географическая среда и биология человека.-Москва, 1977, -135 с.
25. Жанпейісов Е. Жұз//Ана тілі, 1990 , 21-маусым , Б.8
26. Қатранұлы Д. Ұлттық тағамының этномәдени қызметтері // Жұлдыз, 3, 1994, Б.188-192.
27. Уәлиханов Ш. Тандамалы. -Алматы: Жазушы, 1985, - 584 бет.
28. Торайғыров С. Романдар, поэмалар, өлеңдер. -Алматы :Атамұра 2002, -240 б.
29. Гумбольдт В фон. Избранные труды.- Москва, 1984, - 396 с.

30. Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым. -Алматы: Жазушы, 1989, -304 б.
- 31.Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка.- Алматы:Наука, 1989, -283 с.
- 32.Бес ғасыр жырлайды.Екінші том.-Алматы:Жазушы, 1989, 496 б.
33. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.- Алматы: Ғылым, 1977, - 712 б.
34. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.Алматы:Ғылым. 2-10 том, 1976,1978,1979,1980,1982,1983,1985,1986.
35. Қазақша-монголша сөздік.-Уланбатыр,1977, -342 б.
36. Этимологический словарь тюркских языков.-Москва:Наука, 1974, 1980,-72-73 с.
- 37.Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. - Ленинград,1975, 1977, -378 с.
38. Древнетюркский словарь.-Ленинград,1969,- 451 с.
39. Абай тілінің сөздігі.- Алматы: Ғылым , 1968,-729 б
40. Тасымов А. Тұған тіліміздің бір бұтағы.- Алматы:Санат, 1998,-143 б.
41. Төлеуов Ә.Қазақ тіліндегі есім категориясы. -Алматы, 1963, -74-76 б.
42. Аханов К. Тіл білімнің негіздері.- Алматы:Санат, 2003,-496 б.
43. Арапбаев Ж. Вокализм казахского языка. -Алматы: Қазақстан, 1970,- 260 с.
44. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. -Алматы: Рауан, 1998, -304 б.
45. Маманов И. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: Мектеп, 1968, -156 б.
- 46.Сыздықова Р. Абай – шығармаларының тілі.- Алматы: Ғылым, 1968,- 334 б.
- 47.Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. - Алматы: Ғылым, 1982, -224 б.
- 48.Исаев С. Қазақ тілі.- Алматы: 1993. -170 б.
- 49.Балакаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манаасбаев Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы , 1974.- 190 б.
- 50.Исаев С..Қазақ тілі жайында ойлар.-Алматы, 1997.-224 б.
51. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. -Алматы: Ғылым . 1997,- 449 б.
- 52.Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы:Ана тілі, 1994,- 80 б.
- 53.Мәшіүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік.- Павлодар, 1999,- 384 б.
- 54.Балакаев М., Жанпейісов Е.,Томанов М., Манаасбаев Б. Стилистика. - Алматы:Мектеп, 1965,- 204 б.
- 55.Кеңесбаев І,Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, 1962,-145 б.
- 56.Қазақ тілі. Энциклопедия. -Алматы: 1998. -509 б.
- 57.Исаев Қ. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы:Рауан, -1998, 304 б.

- 58.Солганик Г.Я. Стилистика текста.- Москва:Наука, 2001,- 256 с.
- 59.Ибатов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы бойынша зерттеулер. - Алматы:Ғылым, 1975, 106-111 б.
- 60.Нұрмажанбетов Ә.Бес жүз бес сөз.- Алматы:Рауан, 1994,- 304 б.
- 61.Жұнісұлы А. Пәниден бақиға дейін.Әдет-ғұрып әліппесі. Алматы:Жазушы, 1995, -208 б.
- 62.Қараев М. Қазақ тілі. -Алматы: Ана тілі , 1993,- 216 б.
63. Нұрмаханова Ә. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы:Мектеп, 1982,- 180 б.
- 64.Нұрғали Р. Әуезов және алаш.- Алматы:Санат, 1997,- 432 б.
- 65.Елеуkenov Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. -Алматы: Жалын, 1997, -368 б.
66. Асанова С. Сымбат.Қазақтың ұлттық киімдері.- Алматы:Ата-мұра, 1995, -208 б.
- 67.Сейдімбек А. Қазақ әлемі.Этномәдени пайымдау.-Алматы:Санат, 1997, - 464 б.
- 68.Майтанов Б. Сөз сыны.-Алматы:Ғылым, 2002,-160 б.
- 69.Сыдыққұлы Қ. Халқымен қайта табысқандар.-Алматы:Ана тілі, 1997, - 176 б.
- 70.Сыздықова Р. Сөз құдіреті.-Алматы:Санат, 1997, -224 б.
- .